

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
шоғырландырылған қаржылық есептілік**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

МАЗМҰНЫ

	Беті
2009 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	94
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ	95-96
2009 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:	
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	97
Пайда және зиян туралы шоғырландырылған есеп	98
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	99
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	100
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	101-102
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	103-166

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2009 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

Тәуелсіз аудиторлар есебінде ұсынылған аудиторлардың міндеттерін сипаттамаларымен бірге қаралуға тиісті төменде келтірілген мәлімдеме аудиторлар мен басшылықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚҰБ») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі ҚҰБ және оның еншілес ұйымдары, бірлесіп – «Ұлттық Банк») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты жауапкершіліктерін шектеу мақсатында жасалды.

Ұлттық Банк басшылығы 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталындағы осы күні аяқталған жыл ішіндегі өзгерістерді шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілікті шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 2-ескертпесінде сипатталған шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаттарына (бұдан әрі – «Есептілікті жасау қағидаттары») сәйкес дайындауға жауап береді.

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдап алуға және оларды жүйелі қолдануға;
- негізделген бағалаулар мен есептерді қолдануға;
- есептілікті жасау қағидаттарының талаптарын сақтауға; және
- Ұлттық Банктің өз қызметін шолу жасалатын болашақта жалғастыру болжамын негізге ала отырып шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға жауапкершілік атқарады.

Басшылық сондай-ақ:

- Ұлттық Банкте тиімді әрі сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, ендіру және жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;
- кез келген уақытта Ұлттық Банктің қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты жеткілікті дәрежедегі дәлдікпен дайындауға және Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің Есеп жасау қағидаттарының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдауға;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Ұлттық Банк активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау; және
- алаяқтық, қателер және басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмауға жауапкершілік атқарады.

Осы 2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті Басшылық 2010 жылғы 11 наурызда бекітті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығы атынан:

Марченко Г.А.
Төраға

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

Шалғымбаева Н. Т.
Бас бухгалтер

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасына

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы қорытынды

Біз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп – «Ұлттық Банк» деп аталады) 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті, осы күні аяқталған жыл үшін пайда мен зиян, жиынтық кіріс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті шоғырландырылған есептерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттары және басқа да ескертпелерді ашуды қамтитын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Басшылықтың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Ұлттық Банк басшылығы осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2-ескертпеде сипатталған Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаттарына (бұдан әрі – «Есептілік жасау қағидаттары») сәйкес болуына жауапкершілік атқарады. Бұл жауапкершілікке қаржы саласындағы асыра пайдаланушылық салдарынан да, қателер салдарынан да айтарлықтай бұрмалаушылық жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және шынайы ұсынуға ішкі бақылау жүйесін құру, енгізу және қолдау; ойдағыдай есеп саясатын таңдау және қолдану; сондай-ақ жағдайға негізделген бухгалтерлік бағалауларды қолдану кіреді.

Аудиторлар жауапкершілігі

Біздің міндетіміз біз жүргізген аудит негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің шынайылығы туралы пікірімізді білдіруден тұрады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар аудиторлардың этикалық нормаларды міндетті сақтауын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте айтарлықтай бұрмалаушылықтың жоқ екендігіне жеткілікті дәрежеде көз жеткізу мақсатында аудитті жоспарлауды және жүргізуді талап етеді.

Аудитке шоғырландырылған қаржылық есептілікке сандық көрсеткіштер мен ескертпелерге қатысты аудиторлық дәлелдемелер алу үшін қажетті рәсімдерді жүргізу кіреді. Тиісті рәсімдерді таңдап алу қаржы саласындағы асыра пайдаланушылық немесе қателердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің айтарлықтай бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда аудитордың кәсіби пайымдауына негізделеді. Мұндай тәуекелдерді бағалау, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында шоғырландырылған қаржылық есептілікті осы жағдайларда қолданылатын аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында дайындауға және шынайы ұсынуға ішкі бақылау жүйесін қарау кіреді. Аудитке, сондай-ақ қолданылатын есеп саясатының заңдылығын және басшылық тарапынан жіберілген кемшіліктердің негізділігін бағалау, сондай-ақ, тұтастай алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік ұсынуды бағалау кіреді.

Біз, өзіміз алған аудиторлық дәлелдемелердің осы шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін жеткілікті негіздеме болып табылады деп есептейміз.

Пікір

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде шынайы түрде Ұлттық Банктің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның осы күнге аяқталатын жылғы қызметінің қаржылық нәтижелері мен ақша қаражаты қозғалысын Есептілік жасау қағидаттарына сәйкес көрсетеді.

«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметпен айналысуға берілген мемлекеттік лицензия
нөмірі 0000015, сериясы МФЮ - 2,
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

Бекенов Нұрлан
Жоба бойынша әріптес
Қазақстан Республикасының
білікті аудитору
№0082 біліктілік куәлігі,
«Делойт» ЖШС
Бас директоры

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2009 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (қазақстандық мың теңгемен)

	Ескертпе	2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 1 қаңтар
АКТИВТЕР:				
Шетел валютасындағы ақша қаражаты	5	34,787,626	11,206,351	20,435,781
Алтын	6	371,258,998	241,751,221	215,923,786
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар	7	1,501,472,357	882,127,067	828,289,600
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	8	1,220,261	9,737,704	94,048
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	9	586,451,722	396,002,190	171,937,337
Сату үшін қолда бар инвестициялар	10	1,799,391,017	1,177,628,144	973,283,773
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	11	400,000	921,272	-
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	12	542,201	1,332,448	1,330,318
Негізгі құрал-жабдықтар	13	28,135,677	26,589,859	24,178,608
Материалдық емес активтер	14	1,349,867	1,551,418	964,905
Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері	15	73,211	59,814	53,918
Басқа да активтер	16	7,654,408	6,152,049	4,957,225
АКТИВТЕР ЖИЫТЫНТЫҒЫ		4,332,737,345	2,755,059,537	2,241,449,299
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ				
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:				
Айналыстағы ақша	17	1,048,045,523	987,069,891	859,989,151
Банктердің және басқа мекемелердің талаптары	18	1,433,425,287	975,134,135	615,491,788
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер	8	2,494,822	3,357,245	-
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шоттары	19	166,510,968	4,311,137	221,127,646
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары	20	134,497,784	46,357,745	71,514,981
Кепілдік беру қорларының резервтері	21	33,542,786	18,662,389	9,378,750
Клиенттердің шоттары	22	322,173,670	162,186,309	1,500,776
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	23	463,183,949	295,964,826	221,263,582
Мерзімі кейінге қалдырылған борыштық міндеттемелер	15	684,581	786,699	450,917
Басқа да міндеттемелер	24	5,219,014	2,122,435	2,600,954
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫ		3,609,778,384	2,495,952,811	2,003,318,545
КАПИТАЛ:				
Жарғылық капитал	25	20,000,000	20,000,000	20,000,000
Резервтік капитал	25	114,899,473	86,384,133	48,774,701
Жалпы банктік тәуекелдердің орнын жабуға арналған резерв	25	9,091,502	6,320,981	6,318,703
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві		8,566,809	25,538,712	8,149,461
Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалау резерві		520,921,191	84,985,327	115,310,340
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві		15,234,730	15,376,637	14,797,693
Бөлінбеген пайда		29,824,682	17,044,639	21,646,815
АЗШЫЛЫҚ ҮЛЕСІН ЕСЕПКЕ АЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ		718,538,387	255,650,429	234,997,713
Азшылық үлесі		4,420,574	3,456,297	3,133,041
КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ		722,958,961	259,106,726	238,130,754
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ		4,332,737,345	2,755,059,537	2,241,449,299

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығы атынан:

Марченко Г.А.
Төраға

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

Шалғымбаева Н.Т.
Бас бухгалтер

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

103-166 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2009 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА ЖӘНЕ ЗИЯН ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (қазақстандық мың теңгемен)

	Ескертпе	2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2008 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайыздық кірістер	26	73,475,473	55,621,248
Пайыздық шығыстар	26	(19,641,630)	(26,322,326)
ПАЙЫЗДАР ЕСЕПТЕЛЕТІН АКТИВТЕРДІ ҚҰНСЫЗДАНДЫРУҒА РЕЗЕРВТЕР ҚАЛЫПТАСТЫРҒАНҒА ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС			
Пайыздар есептелетін активтерді құнсыздандыруға резерв қалыптастыру	10	(10,126,616)	-
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		43,707,227	29,298,922
Комиссиялық кірістер	27	9,254,335	5,078,890
Комиссиялық шығыстар	27	(729,761)	(628,488)
ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ КІРІС		8,524,574	4,450,402
Сату үшін қолда бар инвестициялармен операциялардан түскен іске асырылған таза кіріс	28	16,900,754	5,791,350
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен және міндеттемелерімен операциялар бойынша (зиян)/кіріс	29	(3,685,768)	11,812,793
Қауымдасқан компаниялардан түскен (зиян)/кіріс		(790,247)	2,130
Басқа да кірістер	30	2,460,022	2,366,276
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР		14,884,761	19,972,549
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР		67,116,562	53,721,873
Банкноталар мен монеталарды шығару шығыстары	31	(3,336,740)	(3,484,146)
Өзге ұйымдарды қаржыландыру	32	(2,631,327)	(2,792,844)
Қызметкерлер жалақысы және басқа төлемдер	33	(9,120,245)	(8,229,984)
Әкімшілік шығыстар	34	(3,237,919)	(3,140,581)
Амортизация және тозу		(1,955,247)	(1,889,787)
Құнсызданудан болған зиян	35	(539,979)	(15,248)
Еншілес ұйымдардың сатып алуынан/шығуынан болған кіріс/(зиян)	36	180,000	(24,582)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР		(20,641,457)	(19,577,172)
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ АЗШЫЛЫҚ ҮЛЕСІНЕ ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙДА		46,475,105	34,144,701
Табыс салығы бойынша шығыстар	37	(1,725,082)	(819,767)
АЗШЫЛЫҚ ҮЛЕСІН ШЕГЕРГЕНГЕ ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙДА		44,750,023	33,324,934
Азшылық үлесі		(737,719)	(326,407)
ТАЗА ПАЙДА		44,012,304	32,998,527

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығы атынан:

Марченко Г.А.
Төраға

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

Шалғымбаева Н.Т.
Бас бухгалтер

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

103-166 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2009 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (қазақстандық мың теңгемен)

	Ескертпе	2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2008 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ТАЗА ПАЙДА		44,012,304	32,998,527
БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС/(ЗИЯН):			
Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан таза пайда/ (зиян)		435,935,864	(30,325,013)
Сату үшін қолда бар инвестициялармен операциялар бойынша іске асырылмаған таза (зиян)/пайда		(10,197,765)	23,180,601
Сату үшін қолда бар инвестициялармен операциялар бойынша іске асырылған таза кіріс		(16,900,754)	(5,791,350)
Пайда және зиян туралы есепке көшірілген сату үшін қолда бар инвестициялардың құнсыздануынан болған зиян	10	10,126,616	-
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау		(88,307)	589,951
БАСҚА ДА БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ КІРІС/(ЗИЯН)		418,875,654	(12,345,811)
АЗШЫЛЫҚ ҮЛЕСІН ЕСЕПКЕ АЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ БАРЛЫҚ КІРІС ЖИЫНТЫҒЫ		462,887,958	20,652,716
Азшылық үлесі		964,277	323,256
БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ КІРІС		463,852,235	20,975,972

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығы атынан:

Марченко Г.А.
Төраға

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

Шалғымбаева Н.Т.
Бас бухгалтер

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

103-166 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2009 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(қазақстандық мың теңгемен)

	Жарғылық капитал	Резервтік капитал	Жалпы банктік тәуекелдерді жабуға арналған резерв	Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві	Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалау резерві	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Азшылық үлесін есепке алғанға дейінгі капитал жиынтығы	Азшылық үлесі	Капитал жиынтығы
2008 жылғы 1 қаңтар	20,000,000	48,774,701	6,318,703	8,149,461	91,704,290	14,797,693	45,252,865	234,997,713	3,133,041	238,130,754
Есеп саясатындағы өзгерістер (3-ескертпе)	-	-	-	-	23,606,050	-	(23,606,050)	-	-	-
2008 жылғы 1 қаңтар (қайта қаралды)	<u>20,000,000</u>	<u>48,774,701</u>	<u>6,318,703</u>	<u>8,149,461</u>	<u>115,310,340</u>	<u>14,797,693</u>	<u>21,646,815</u>	<u>234,997,713</u>	<u>3,133,041</u>	<u>238,130,754</u>
Жыл үшін таза жиынтық кіріс	-	-	-	17,389,251	(30,325,013)	589,951	32,998,527	20,652,716	323,256	20,975,972
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резервінің амортизациясы	-	-	-	-	-	(11,007)	11,007	-	-	-
Резервтік капиталды толықтыру	-	<u>37,609,432</u>	<u>2,278</u>	-	-	-	<u>(37,611,710)</u>	-	-	-
2008 жылғы 31 желтоқсан	<u>20,000,000</u>	<u>86,384,133</u>	<u>6,320,981</u>	<u>25,538,712</u>	<u>84,985,327</u>	<u>15,376,637</u>	<u>17,044,639</u>	<u>255,650,429</u>	<u>3,456,297</u>	<u>259,106,726</u>
Жыл үшін таза жиынтық кіріс	-	-	-	(16,971,903)	435,935,864	(88,307)	44,012,304	462,887,958	964,277	463,852,235
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резервінің амортизациясы	-	-	-	-	-	(53,600)	53,600	-	-	-
Резервтік капиталды толықтыру	-	<u>28,515,340</u>	<u>2,770,521</u>	-	-	-	<u>(31,285,861)</u>	-	-	-
2009 жылғы 31 желтоқсан	<u>20,000,000</u>	<u>114,899,473</u>	<u>9,091,502</u>	<u>8,566,809</u>	<u>520,921,191</u>	<u>15,234,730</u>	<u>29,824,682</u>	<u>718,538,387</u>	<u>4,420,574</u>	<u>722,958,961</u>

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығы атынан:

Марченко Г.А.
Төраға

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

Шалғымбаева Н.Т.
Бас бухгалтер

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

103-166 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2009 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (қазақстандық мың теңгемен)

	Ескертпе	2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2008 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Салық салынғанға дейінгі таза пайда		46,475,105	34,144,701
Мыналарды түзету:			
Амортизацияны және тозуды		2,489,438	2,513,305
Пайыз есептелетін активтердің құнсыздануына резерв қалыптастыру	10	10,126,616	-
Құнсызданудан болған зиянды	35	539,979	15,248
Негізгі құрал-жабдықты шығарудан болған зиянды		77,014	1,489
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконттың амортизациясын		8,992,968	18,242,705
Сату үшін қолда бар инвестициялар бойынша дисконттың амортизациясын		1,716,154	(1,761,712)
Қауымдасқан компаниялардан зиянды/(кірістерді)		790,247	(2,130)
Сатып алудан/еншілес ұйымдарды шығарудан болған (кірістерді)/зиянды	36	(180,000)	24,582
Операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының ағыны		71,027,521	53,178,188
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы			
Алтын		8,980,989	(15,399,460)
Банктерге және басқа да мекемелерге талаптар		(7,459,689)	20,409,441
Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері		8,517,443	(9,643,656)
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек		(190,449,532)	(224,064,853)
Сату үшін қолда бар инвестициялар		(650,350,988)	(185,930,212)
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар		521,272	(921,272)
Басқа да активтер		(2,261,938)	(1,325,746)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы)			
Айналыстағы ақша		60,975,632	127,080,740
Банктердің және басқа да мекемелердің талаптары		458,291,152	359,642,348
Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері		(862,423)	3,357,245
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шоттары		162,199,830	(216,816,509)
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары		88,140,039	(25,157,237)
Кепілдік беру қорларының резервтері		14,880,397	9,995,907
Клиенттердің шоттары		159,987,360	160,685,534
Басқа да міндеттемелер		3,096,579	(469,236)
Салық төлегенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағыны		185,233,644	54,621,222
Пайдаға салынған төленген салық		(1,840,597)	(489,881)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағыны		183,393,047	54,131,341

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2009 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ) (қазақстандық мың теңгемен)

	Ескертпе	2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2008 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(4,277,097)	(5,054,134)
Негізгі құрал-жабдықтарды сатудан түскен түсім		278,071	129,889
Еншілес компаниялардың шығуынан түскен түсім		-	104,833
Инвестициялық қызметтен болған ақша қаражатының таза әкетілуі		(3,999,026)	(4,819,412)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		1,446,647,459	2,937,053,514
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу		(1,288,421,304)	(2,880,594,976)
Еншілес ұйымдардың капиталына инвестициялар		399,601	-
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағыны		158,625,756	56,458,538
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы		338,019,777	105,770,467
Шетел валютасының бағамдары өзгеруінің ақша қаражатына ықпалы және оның баламалары		297,447,098	(40,752,988)
Жыл басындағы АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	5	811,786,890	746,769,411
Жыл аяғындағы АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	5	1,447,253,765	811,786,890

2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде төленген және алынған пайыздар сомасы тиісінше 19,590,435 мың теңге және 64,735,986 мың теңге болды.

2008 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде төленген және алынған пайыздар сомасы тиісінше 28,934,389 мың теңге және 60,860,023 мың теңге болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығы атынан:

Марченко Г.А.
Төраға

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

Шалғымбаева Н.Т.
Бас бухгалтер

2010 жылғы 11 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

103-166 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2009 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгемен)

1 ҰЙЫМДАР

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚҰБ») Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 13 сәуірдегі № 2134-ХІІ Қаулысына сәйкес құрылған болатын. Осы Қаулыға сәйкес Қазақ КСР-інің Мемлекеттік Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып аталды.

ҚҰБ негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Негізгі мақсатты іске асыру үшін ҚҰБ мынадай міндеттер жүктеледі: мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу; төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру; қаржы жүйесі тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал жасау. ҚҰБ ақша базасы мен резервтерін басқару арқылы ақша және кредит саясатын жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің және басқа да мемлекеттік басқару органдарының банкі, қаржы консультанты мен агенті ретінде болады.

ҚҰБ-нің бас офісі мына мекен-жай бойынша тіркелген: Алматы қ., 050090, Көктем-3 шағын ауданы, 21 үй. 2009 және 2008 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚҰБ-нің Қазақстан Республикасында орналасқан 17 филиалы және 7 еншілес ұйымы бар.

2009 және 2008 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша еншілес ұйымдар (бұдан әрі ҚҰБ және оның еншілес ұйымдары бірлесіп – «Ұлттық Банк») мынадай компанияларды білдіріп, ҚҰБ-нің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілді:

Ұйымның атауы	Құрылған жылы	Негізгі қызметі	Иелену үлесі	
			2009 жылғы 31 желтоқсан %	2008 жылғы 31 желтоқсан %
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Теңге Сарайы» РМК	1994	Монеталар шығару	100.00	100.00
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Банкаралық Есеп айырысу Орталығы» РМК	1996	Электрондық ақша аударымдары	100.00	100.00
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік Сервис Бюросы» РМК	1996	Бағдарламалық қамтамасыз етуге қызмет көрсету және әзірлеу	100.00	100.00
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ	1999	Жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру	100.00	100.00
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» РМК	2004	Банкноталар шығару	100.00	100.00
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Q-BRO» резервтік орталығы» АҚ	2007	ҚҰБ АТ жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету	100.00	100.00
«Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	1997	Қор салымшыларының зейнетақы активтерін басқару	90.01	71.86

«Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 мамырдағы №668 қаулысына сәйкес «Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі - ГНПФ) Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі жай акциялары 1 800 000 дана санымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің меншігіне берілді.

2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 35060 сатып алу-сату шартына сәйкес «ГНПФ» Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның 399,601 мың теңге сомасындағы 312,188 дана жай акциясы 2009 жылғы 27 қаңтарда Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің (бұдан әрі-«ЕКДБ») меншігіне берілді, бұл ЕКДБ-нің «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның жарғылық капиталындағы үлесін 9,99% дейін ұлғайтты.

2008 жылғы қазанда «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ өзінің жарғылық капиталын 3,125 мың теңге сомасына ұлғайтты, 3,600,399 мың теңге сомасындағы барлық акцияларды Ұлттық Банк сатып алды.

Ұлттық Банк қызметкерлерінің орташа тізімдік саны 2009 және 2008 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін тиісінше 2,432 адамды және 2,489 адамды құрады, ал 2009 және 2008 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлердің жалпы саны тиісінше 2,489 адамды және 2,542 адамды құрады.

Қазақстандағы экономикалық жағдайлар

Қазақстандағы экономикалық ахуалды халықаралық рейтингтік агенттіктер бағалады.

2009 жылғы мамырда Moody's Investors Service рейтингтік агенттігі елдің экономикалық икемділігі факторына қатысты орта деңгейді көрсететін Baa2 деңгейіндегі Қазақстанның егемендік рейтингін жариялады. Рейтинг болжамы тұрақты болып қалуда.

2009 жылғы желтоқсанда Fitch Rating's Ltd рейтингтік агенттігі Қазақстанның шетел валютасындағы және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді рейтингтері теріс BBB-/BBB-дан тұрақты BBB-/BBB дейін өзгертті.

Standard & Poor's рейтингтік агенттігі Қазақстан Республикасының рейтингі бойынша болжамды банк секторына байланысты шартты міндеттемелер тәуекелдерінің төмендеуіне байланысты «Терістен» «Тұрақтыға» өзгертті. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді тәуелсіз кредиттік рейтингін шетел валютасындағы міндеттемелер бойынша рейтинг — «BBB-» деңгейінде, ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша рейтинг — «BBB» деңгейінде растады. Оған қоса, Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді тәуелсіз кредиттік рейтингін шетел валютасындағы және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша— «А-3» деңгейінде және ұлттық шкала бойынша «kzAAA» растады. Валюта аударымы мен айырбастау тәуекелін бағалау қазақстандық тәуелді заемшылар үшін – «BBB». Standard & Poor's пікірі бойынша, болжамды қайта қарау қазақстандық үкіметтің банк секторының проблемаларына байланысты әлуетті шартты міндеттемелердің көлемін шектеуге және жақын болашақта болуы ықтимал қиындықтарға қарамастан, экономиканы қолдай отырып, салымшылардың сенімін қолдау үшін жеткілікті және банк жүйесінің жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ресурстарды қамтамасыз етуге бағытталған жаңа стратегиясын көрсетеді.

Standard & Poor's пікірі бойынша, «Тұрақты» болжам Қазақстанның Үкіметі өзінің бюджеттік көрсеткіштерінің немесе төлем балансы жағдайының айтарлықтай өзгеруін болдырмай, қазіргі экономикалық қиындықтарды еңсере алатыны туралы баяндады.

Операциялық орта

Ұлттық Банк қызметі Қазақстандағы бизнес жүргізуге тән экономикалық, саяси және әлеуметтік тәуекелдерге ұшырады. Бұл тәуекелдерге үкімет саясатының, экономикалық жағдайлардың, салық және құқықтық салалардағы өзгерістердің салдарлары, валюталық бағамдардағы ауытқулар және келісімшарт құқықтарының жүзеге асырылатыны кіреді.

Қазақстанда соңғы жылдары экономикалық ахуалдың жалпы жақсарғанына қарамастан елімізде валюталық бақылаудан, валютаның шектеулі айырбасталуынан, инфляцияның салыстырмалы түрде жоғары деңгейінен және үкімет тарапынан құрылымдық реформалар жүргізу жөніндегі тұрақты күш салудан тұратын өтпелі экономиканың белгілі бір белгілері көрінуде.

Нәтижесінде Қазақстандағы бизнеске әсер ететін заңдар мен ережелер жылдам өзгеруін жалғастыруда. Елдің салық, валюталық және кеден заңнамасы әр қилы түсіндірілуде, одан басқа өзінің негізгі қызметін Қазақстанда жүзеге асырып жатқан кәсіпорындар үнемі түрлі заңды және қаржылық қиындықтарға тап болуда. Елдің болашақтағы экономикалық дамуы көбіне үкімет қолданатын экономикалық, фискалдық және монетарлық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ заң, нормативтік-құқықтық және саяси салалардағы өзгерістерге байланысты.

Өтімділіктің орын алып отырған ғаламдық дағдарысы

Әлемдік қаржы нарықтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нарығы 2007 жылдың күзінде басталып, 2008 жылдың тамызында күшейген әлемдік қаржы дағдарысы басталғаннан бастап айтарлықтай құбылмалылығымен және шектеулі өтімділігімен сипатталады. Қаржы нарықтарының тұрақтылығына және қарсы агенттердің орнықтылығына қатысты аландаушылық осы оқиғаларға байланысты туындаған қосымша жауап қату болды. Соған байланысты көптеген кредиторлар мен институтционалды инвесторлар заемшыларды қаржыландыруды қысқартты, осылайша әлемдік қаржы жүйесінің өтімділігі едәуір төмендеді.

Қазақстанды қоса алғанда көптеген елдер соңғы уақытта қаржы нарықтарындағы ахуалдың жақсарғанын атап өтуіне қарамастан, үкіметтен дағдарысқа қарсы қосымша шаралар талап ететін одан әрі құлдырау болуы мүмкін. Әлемдік қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерінен туындаған кредиттік талаптардың нашарлауын немесе мұнай мен газ бағасының төмендеуін қоса алғандағы теріс өзгерістер Қазақстан экономикасын баяулатуы немесе оған зиян келтіруі және Компаниялар операцияларының нәтижелеріне, қаржылық жағдайларына және перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін.

Қазақстан үкіметінің Қазақстан банктері мен компанияларының өтімділігін жақсартуға бағытталған тұрақтандыру шараларына қарамастан экономикалық белгісіздік ахуалы жақын болашақта сақталуы мүмкін, соған байланысты Ұлттық Банк активтерінің өтелетін құнының олардың баланстық құнынан төмен болып қалу тәуекелі бар, бұл тиісінше Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрініс табады.

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік басшылықтың Қазақстан Республикасындағы экономикалық талаптардың Ұлттық Банктің қызметіне және қаржылық жай-күйіне әсерін бағалауды көрсетеді. Болашақтағы экономикалық талаптар басшылықтың бағасынан басқаша болуы мүмкін.

Қаржы активтерінің өтелуі

Әлемдік капитал нарықтарының және кредит нарықтарының тұрақсыздығы және есепті күні орын алып отырған онымен бірге болатын экономикалық белгісіздік нәтижесінде Ұлттық Банк өзінің жай қызметі барысында активтерінің баланстық құнын өтей алмауы ықтимал.

2009, 2008 және 2007 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің қаржы активтеріне кассадағы шетел валютасындағы ақша қаражаты, алтын, банктерге және басқа мекемелерге талаптар, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері, кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек, сату үшін қолда бар инвестициялар, өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар, қауымдас компанияларға инвестициялар және басқа да қаржылық активтер кіріп, тиісінше 4,299,659,797 мың теңгені, 2,723,325,139 мың теңгені және 2,213,711,883 мың теңгені құрады. Бұл қаржы активтерінің өтелуі көбіне экономикалық тұрақтылыққа және қайта қалпына келуге қол жеткізу үшін түрлі елдерде қолданылатын фискальдық және басқа да шаралардың әсеріне, яғни Ұлттық Банктің бақылауындағы емес факторларға байланысты. Қаржы активтерінің өтелуін Ұлттық Банк есепті күні қолда бар талаптар мен ақпарат негізінде айқындайды. Ұлттық Банктің басшылығы қолда бар ақпарат пен қалыптасқан жағдайларға сүйене отырып, қазіргі уақытта қаржы активтері үшін қосымша провизиялар құрудың қажеттігі жоқ деп санайды.

2 ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ЖАСАУ ҚАҒИДАТТАРЫ

(а) Бухгалтерлік есептің негізгі қағидаттары

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ҚҰБ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын («ХҚЕС») есепке ала отырып, Қазақстанның Ұлттық Банкі үшін бухгалтерлік есептің саясаты мен әдістерін айқындайды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Ұлттық Банк Директорлар кеңесінің 2006 жылғы 26 желтоқсанда мақұлдаған Ұлттық Банктің есеп саясатына сәйкес дайындалды. Ұлттық Банктің есеп саясаты, төменде сипатталған белгілі бір модификацияларды есептемегенде, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі комитет (ХҚЕСК) шығарған ХҚЕС және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын түсіндірулер жөніндегі комитет (ХҚЕСТК) шығарған Түсіндірулерге негізделген:

Алтын нарықтық құн бойынша есепке алынады. Алтынды, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілген активтерді және міндеттемелерді нарықтық құн бойынша қайта бағалаудан болған кірістер тікелей басқа жиынтық кіріс шоттарында көрсетіледі. Қайта бағалаудан болған зияндар пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте басқа жиынтық кірістің құрамында танылған, бұрын жинақталған қайта бағалаудан болған кірістерден асып кеткен сома шегінде көрсетіледі.

(б) Ұсыну негізі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік сату үшін қолда бар алтынды, инвестицияларды, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін және міндеттемелерді және қайта бағаланған құны бойынша есепке алынатын негізгі құрал-жабдықтарды қоспағанда, есептеу әдісі мен «тарихи құн» қағидатының негізінде дайындалды.

(в) Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі - «теңге») болып табылады. Ұлттық Банк басшылығы теңгені функционалдық валюта ретінде айқындады, себебі Теңге Ұлттық Банк жүргізетін операциялардың экономикалық маңызын және оның қызметіне әсер ететін жағдайларды барынша жақсы көрсетеді. Теңге сонымен қатар Ұлттық Банктің осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің деректерін ұсыну валютасы да болып табылады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен (бұдан әрі – «мың теңге») берілді.

3 ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

(а) Шоғырландыру қағидаттары

(i) Еншілес ұйымдар

ҚҰБ-нің бақылауында болатын ұйымдар еншілес болып табылады. Бақылау ҚҰБ-де компанияның қаржылық және операциялық саясатына тікелей немесе жанама түрде басқаруға өкілеттігінің болуымен, оның қызметінен пайда алатындай етіп айқындалады. Еншілес компаниялардың қаржылық есептілігі көрсетілген бақылау нақты белгіленген күннен бастап оның нақты тоқтатылған күніне дейінгі шоғырландырылған қаржылық есептілікке кіргізіледі.

Қажет болған жағдайда еншілес компаниялардың қаржылық есептілігіне олардың есеп саясатының қағидаттарын ҚҰБ пайдаланатын есеп саясатының қағидаттарына сәйкес келтіру мақсатында түзету енгізілді.

(ii) Қауымдасқан компаниялар

Қаржылық және операциялық қызметіне Ұлттық Банк айтарлықтай ықпал ететін және ол еншілес компания да емес, бірлескен қызметтің қатысушысы да болып табылмайтын компания қауымдасқан компания болып табылады. Айтарлықтай ықпал ету – бұл инвестициялайтын компанияның қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігі, бірақ осындай саясатты бақылау немесе бірлесіп бақылау емес.

Қауымдасқан компаниялар қызметінің нәтижелері, активтері және міндеттемелері үлестік қатысу әдісі пайдаланыла отырып осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілді.

Қауымдасқан компанияларға инвестициялар қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған есепте Ұлттық Банктің қауымдасқан компанияның сатып алғаннан кейінгі инвестициялардың құнсыздануы шегерілген таза активтеріндегі үлесінің өзгеруі ескеріле отырып түзетілген құны бойынша есепке алынады. Қауымдасқан компаниялардың Ұлттық Банктің осындай қауымдасқан компаниялардағы инвестициясынан асатын бөлігіндегі зияндары танылмайды.

Ұлттық Банк өзінің қауымдасқан компаниясымен операциялар жүргізген кезде пайдалар мен зияндар қауымдасқан компанияның Ұлттық Банкке тиесілі үлесінің мөлшерінде алынып тасталады. Зияндар өткізілген активтердің құнсыздануын растауы мүмкін, бұл жағдайда құнсыздану үшін тиісті резерв жасалады.

(iii) Шоғырландыру кезінде алынып тасталатын операциялар

Топ ішіндегі барлық шоттар мен операциялар, сондай-ақ топ ішіндегі операциялардан түскен іске асырылмаған кірістер шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде алынып тасталады. Қауымдасқан компаниялармен операциялардан түскен іске асырылмаған кірістер компанияға Ұлттық Банктің қатысу үлесі шегінде алынып тасталады. Қауымдасқан компаниялармен операциялардан түскен іске асырылмаған кірістер қауымдасқан компанияларға инвестициялар есебінен алынып тасталады. Іске асырылмаған зияндар да құнсыздану белгілері жоқ көлемде ғана алынып тасталатын жағдайды қоспағанда, іске асырылмаған кірістердегі сияқты алынып тасталады.

(iv) Азшылық үлесі

Азшылық үлесі – бұл еншілес ұйым пайдасының немесе зиянының және таза активтерінің ҚҰБ тікелей немесе еншілес компаниялары арқылы жанама түрде иеленбейтін капиталындағы үлесіне тиетін бөлігі.

Азшылық үлесі шоғырландырылған есепте капитал құрамында азшылық үлесі есепке алынғанға дейінгі капиталдан бөлек ұсынылады. Ұлттық Банктің кірістері мен шығыстарындағы азшылық үлесі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есептілікте, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте, сондай-ақ капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте бөлек жазылады.

(б) Алтын және шетел валютасы

(i) Алтын

Тазартылған алтын шоғырландырылған қаржылық есептілікте оның есепті күнгі нарықтық құны бойынша көрсетіледі. Нарықтық құн Лондон Қымбат Металдар Нарығы Қауымдастығы (бұдан әрі – «ЛКМНҚ») белгілеген таңертеңгі фиксинг негізінде белгіленеді.

(ii) Шетел валютасы

Жекелеген компаниялардың қаржылық есептілігін дайындау кезінде шетел валютасымен көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнгі тиісті спот бағамдары бойынша аударылады. Функционалдық валютадан басқа валютамен көрсетілген мәмілелер мәміле жасалған күні басымдыққа ие айырбастау бағамдары бойынша есепке алынады. Осы мәмілелер нәтижесіндегі пайдалар мен зияндар басқа жиынтық кірістердің шоттарында ескеріледі.

(ii) Алтыннан және шетел валютасынан түскен кірістер мен зияндар

Алтынның, сондай-ақ ақшалай активтер мен міндеттемелердің нарықтық құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер тікелей басқа жиынтық кіріс шоттарында көрсетіледі. Қайта бағалаудан болған шығыстар басқа жиынтық кіріс шоттарында танылған қайта бағалаудан түскен бұрын жинақталған кірістерден асатын сома шегінде пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Төменде алтынның жыл аяғындағы, Ұлттық Банк шоғарыландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланған айырбас бағамдары және бағалары келтірілген:

	2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 1 қаңтар
Теңге / АҚШ доллары	148.46	120.79	120.30
Теңге / Еуро	213.95	170.24	177.17
Теңге / Ағылшын фунт стерлингі	239.60	174.64	240.14
Теңге / Жапон йенасы	1.61	1.34	1.07
АҚШ доллары / Алтын (1 троя унциясы)	1,104.00	865.00	828.50
Теңге / Арнайы қарыз алу құқықтары («СДР»)	231.89	186.96	189.89

(в) Қаржы активтері мен міндеттемелері

(i) Қаржы құралдарын жіктеу

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері туынды қаржы құралдары болып табылатын қаржы активтері мен міндеттемелерін білдіреді.

Оң әділ құны бар барлық туынды қаржы құралдары шоғырландырылған қаржылық есептілікте активтер ретінде көрсетілген. Теріс әділ құны бар барлық туынды қаржы құралдары шоғырландырылған қаржы есебінде міндеттемелер ретінде көрсетілген. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен және міндеттемелерімен операциялар бойынша таза (зиян)/кіріс пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепке кіргізілген.

Несиелер мен дебиторлық берешек белгіленген немесе айқындалған төлемдер бар, активтік нарықта бағасы белгіленбейтін туынды емес қаржы құралдарынан тұрады. Мынадай жағдайлар ерекше жағдайлар болып табылады:

- Ұлттық Банк мұндай құралдарды жедел немесе ең жақын арада сатуға ниет білдірсе;
- бастапқы тану кезінде Ұлттық Банк мұндай құралдарды сату үшін қолда бар деп есептесе; не
- Ұлттық Банк бастапқыда жүзеге асырылған барлық инвестицияларды несиенің құнсыздануынан өзгеше және сату үшін қолда бар ретінде жіктелуі тиіс себептер бойынша өтей алмаса.

Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар Ұлттық Банк оларды өтегенге дейін ұстауға ниетті және және ұстай алатын болған жағдайда айқындалған немесе белгіленген төлемдер бар борыштық бағалы қағаздарды білдіреді. Мұндай бағалы қағаздар шығындар резервін алып тастағандағы тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құны бойынша есепке алынады. Дисконттың өтегенге дейінгі мерзім ішінде амортизациялануы тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып өтегенге дейінгі кезең ішінде пайыздық кіріс ретінде көрсетіледі.

Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялар сату үшін қолда бар болып саналатын немесе несиелер мен дебиторлық берешек, өтегенге дейін ұсталатын инвестициялар, немесе пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктелмейтін туынды емес қаржы активтері.

(ii) Қаржы құралдарын шоғырландырылған қаржылық есептілікте тану

Ұлттық Банк мәні көрсетілген қаржы құралдары болып табылатын шарттық қарым-қатынастарға орнатқанда қаржы активтері мен міндеттемелері қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Қаржы активтерін стандартты сатып алудың барлық жағдайлары есеп айырысуды жүзеге асыру күнгі шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

(iii) Қаржы құралдарының құнын бағалау

Қаржы активі немесе міндеттеме бастапқыда әділ құн бойынша және пайда немесе шығын, қаржы активін немесе міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты мәмілелер бойынша шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активі немесе міндеттеме емес.

Туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, қаржы құралдарын бастапқы танудан кейін мыналарды қоспағанда, сату немесе өзге де шығару нәтижесінде келтірілуі мүмкін мәмілелер бойынша қандай да болмасын шығынды шегерместен олардың әділ құны бойынша бағаланады:

- тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланатын өтегенге дейін ұсталатын кредиттер мен дебиторлық берешектер және инвестициялар; және

- белсенді жұмыс істейтін нарықта нарықтық баға белгілеуі жоқ және әділ құнын жеткілікті дәрежеде сеніммен айқындауға болмайтын үлестік құралдарға инвестициялар. Мұндай құралдар шоғырландырылған қаржылық есептілікте нақты шығындар сомасында көрсетіледі.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелерін және әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активін аудару тануды тоқтату критерийлеріне сәйкес келмеген кезде туындаған қаржы міндеттемелерін қоспағанда, барлық қаржы міндеттемелері амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып есептелген өтелуі тиіс кірістілікке қарай айқындалады. Сыйақылардың және дисконттардың шамасы, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығындар сомасы тиісті құралдың баланстық құнына кіреді және тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып амортизацияланады.

Егер жалпыға ортақ қол жетімді нарық деректеріне негізделген баға активтің немесе міндеттеменің әділ құнының бастапқы тану сомасына қатысты ұлғаюын немесе азаюын білдірсе, мұндай ұлғаюдан/азаюдан болған пайда немесе зиян тікелей пайда және зиян туралы шоғырландырылған есептілікте танылады.

(iv) Әділ құны бойынша бағалау қағидаты

Қаржы құралдарының әділ құны мәмілелер бойынша қандай да болмасын шегерімсіз есепті күнгі жай-күйі бойынша олардың нарықтық баға белгілеуі негізінде айқындалады. Қаржы құралдарының нарықтық баға белгілеуін алу мүмкін болмаған жағдайда әділ құн баға модельдерін немесе ақша қаражаты ағындарын дисконттау әдісін пайдалана отырып айқындалады.

Ақша қаражаты ағындарын дисконттау әдістерін пайдаланған жағдайда ақша қаражатының болашақтағы болжамды ағындары Ұлттық Банк басшылығының неғұрлым ықтимал болжамы негізінде айқындалады, ал дисконттау ставкасы ретінде осындай талаптармен қаржы құралдары бойынша есепті күнгі жағдай бойынша нарықтық ставка пайдаланылады. Баға модельдері пайдаланылған жағдайда бастапқы деректер есепті күнгі жағдай бойынша нарықтық көрсеткіштер негізінде айқындалады.

Биржада айналыста болмайтын туынды қаржы құралдарының әділ құны нарық талаптарын және мәміле бойынша қарсы агенттердің кредиттік қабілеттілігін ескере отырып есепті күнгі жағдай бойынша шартты бұзған кезде Ұлттық Банк алуы немесе төлеуі ықтимал сома ретінде айқындалады.

(v) Кейінгі бағалау кезінде туындайтын пайда және зиян

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің әділ құны өзгерген кезде туындайтын пайда немесе зиян былайша көрсетіледі:

- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралы бойынша пайда немесе зиян пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі;

- сату үшін қолда бар инвестициялар бойынша пайда немесе зиян активті тану тоқтатылған сәтке дейін, басқа жиынтық кіріс шоттарында бұрын көрсетілген жинақталған пайданы немесе зиянды пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есептің тиісті баптарына бір мезгілде жатқыза отырып, тікелей басқа жиынтық кіріс шоттарында (шетел валютасындағы қалдықтарды қайта есептеуден болған құнсызданудан және пайда немесе зияннан болған зияндарды қоспағанда) көрсетіледі. Сату үшін қолда бар инвестициялар бойынша пайыз пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есепте пайда болған сәтте көрсетіледі және тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша пайда немесе зиян қаржы активін немесе міндеттемені тану немесе құнсыздануы тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ тиісті кірістер мен шығыстарды есептеу барысында пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

(vi) Тануды тоқтату

Ұлттық Банк қаржы активін тануды актив бойынша ақша қаражатын алу жөніндегі келісімшарттық талап ету құқықтары тоқтатылған немесе ол қаржы активін меншіктеу құқығынан туындайтын барлық маңызды тәуекелдер мен пайданы берген сәтте тоқтатады. Беру барысында туындаған немесе сақталған кез келген құқықтар немесе міндеттемелер активтер немесе міндеттемелер түрінде бөлек көрсетіледі. Қаржы міндеттемесін тану ол орындалған жағдайда тоқтатылады.

Ұлттық Банк белгілі бір активтерді тануды өндіру үшін үмітсіз болып танылған активтерге қатысты қалдықтар есептен шығарылған жағдайда тоқтатады.

(vii) Қаржы активтерін және міндеттемелерін өзара есепке алу

Қаржы активі және қаржы міндеттемесі есепке алынады және Ұлттық Банктің қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған есепте танылған сомаларды есепке алуды жүзеге асыруға заңды бекітілген құқығы болған және сальдоланған сома бойынша есепке алуға ниеті болған не активті іске асыру және бір мезгілде міндеттемені орындау ниеті болған жағдайда қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Есептен шығарылған деп жіктелмейтін қаржы активі берілген жағдайда Ұлттық Банк бұл операцияны берілген активті және оған қатысты міндеттемені есептен шығару ретінде танымайды.

(viii) Кері РЕПО мәмілелері

Өз қызметінің барысында Ұлттық Банк қаржы активтерін сатып алу және кері сату туралы келісімдерді (бұдан әрі – «Кері РЕПО келісімдері») жасайды. Кері РЕПО келісімдерін Банк сауда мақсатындағы өтімділікті басқарудың элементі ретінде пайдаланады.

Кері РЕПО келісімдерінің шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар «Кері РЕПО мәмілесі бойынша дебиторлық берешек» бабы бойынша көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып кері РЕПО мәмілесінің қолданылуы кезеңіндегі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

(ix) Айналыстағы ақша

Айналыстағы ақша олардың номиналдық құны бойынша қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Айналыстағы ақшаны ҚҰБ екінші деңгейдегі банктерге берген кездегі міндеттеме ретінде есепке алынады. Кассадағы және резервтік қорлардағы банкноталар мен монеталар айналыстағы ақша құрамына кіргізілген жоқ.

Банкноталар мен монеталарды шығаруға жұмсалған шығыстарға күзет, тасымалдау, сақтандыру бойынша шығыстар және басқа шығыстар кіреді. Банкноталар мен монеталарды шығаруға жұмсалған шығыстар олардың резервтік қорда есептелуіне қарай танылады және пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте бөлек бапта көрсетіледі.

(x) Кепілдік беру қорларының резервтері

Кепілдік беру қорларының резервтері екінші деңгейдегі банктер – кепілдік беру жүйесінің қатысушылары жүзеге асыратын есептелген міндетті төлемдер мөлшерінде көрсетіледі.

(г) Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер

Негізгі құрал-жабдықтар жинақталған амортизация және құнсызданудан болған зиян шегеріле отырып баланстық құны бойынша есепке алынады.

(i) Қайта бағалау

Ұлттық Банкке тиесілі негізгі құрал-жабдықтар тұрақты негізде қайта бағалануы тиіс. Қайта бағалау кезеңділігі қайта бағалануы тиіс негізгі құрал-жабдықтардың әділ құнының өзгеруіне қатысты. Негізгі құрал-жабдықтар құнының қайта бағалау нәтижесінде өсуі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген аталған негізгі құрал-жабдықтардың құнын қайта бағалау нәтижесінде бұрынғы азаюдың орны толтырылған жағдайды қоспағанда, тікелей басқа жиынтық кірістің шоттарында көрсетіледі, бұл жағдайда қайта бағалау нәтижесі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Негізгі құрал-жабдықтар құнын қайта бағалау нәтижесінде азаюы басқа жиынтық кірістің шоттарында тікелей көрсетілген аталған объектілердің құнын қайта бағалау нәтижесінде алдыңғы өсудің орны толтырылған жағдайды қоспағанда, пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Бұл жағдайда қайта бағалау нәтижесі тікелей басқа жиынтық кірістің шоттарында көрсетіледі.

(ii) Амортизация

Негізгі құрал-жабдықтардың амортизациясы оларды пайдалы қолданудың болжамды мерзімі ішінде құнын тепе-тең есептен шығару әдісі бойынша есептеледі және пайда мен зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Банкноталар мен монеталарды шығаруда пайдаланылатын негізгі құрал-жабдықтардың есепті кезеңдегі амортизациясы банкноталар мен монеталарды шығаруға жұмсалған шығыстардың құрамына кіргізіледі. Амортизация объектіні сатып алған күннен бастап, ал шаруашылық тәсілмен тұрғызылған негізгі құрал-жабдықтар объектілері үшін объектінің құрылысы аяқталған және ол пайдалануға дайын болған сәтінен бастап есептеледі. Жер телімдері бойынша амортизация есептелмейді. Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің түрлі объектілерін пайдалы қолданудың мерзімдері төменде көрсетілген:

Үйлер және ғимараттар	7-ден 40 жылға дейін
Жиһаз және жабдық	3-тен 10 жылға дейін
Компьютер жабдығы	3-тен 5 жылға дейін
Көлік құралдары	5-тен 25 жылға дейін
Материалдық емес активтер	1-ден 3 жылға дейін

(д) Активтердің құнсыздануы

(i) Сатуға арналған қолда бар инвестициялар

Егер сатуға арналған қолда бар инвестициялар құнсыздануын көрсететін объективті айғақтар болса, басқа жиынтық кірістің шотына бұрын тікелей жатқызылған жиынтық зиян пайда және зиян туралы шоғырландырылған есептің есепті кезеңде пайыздар есептелетін активтердің құнсыздауынан резерв қалыптастыру жолына көшіріледі. Мұндай қаржылық активтер құнсыздануы шегеріле отырып танылады.

(ii) Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері негізінен банктерге және басқа мекемелерге қойылатын талаптардан, кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешектерден, өтеуге дейін ұсталатын инвестициялардан және басқа да активтерден тұрады. Ұлттық Банк болуы мүмкін құнсыздануды айқындау мақсатында амортизациялық құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерін тұрақты түрде бағалайды. Амортизациялық құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері құнсызданады және амортизациялық құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бастапқы танудан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелдемесі болған жағдайда ғана және көрсетілген оқиға (немесе оқиғалар) жеткілікті дәрежеде сенімді бағалау мүмкін болатын амортизациялық құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша ақша қаражатының болжанатын болашақтағы ағынына ықпалы болған жағдайда ғана орын алады.

Қаржы активтері құнсыздануының объективті дәлелдемесіне міндеттемелерді орындамау (дефолт) немесе заемшының төлемдерді кешіктіруі, заемшының шарт бойынша міндеттемелерін немесе шарттың талаптарын бұзуы, талаптармен несиені Ұлттық Банк кез келген басқа жағдайда қарамайтын қайта құрылымдау, заемшының немесе эмитенттің ықтимал банкроттық белгілері, бағалы қағаздар үшін белсенді нарықтың жойылуы, қамтамасыз ету құнының төмендеуі немесе топқа кіретін заемшылардың төлем қабілетінің нашарлауы немесе көрсетілген топқа кіретін заемшылардың міндеттемелерін орындамауымен (дефолт) түзетілетін экономикалық жағдайлардың өзгеруі сияқты активтер тобына жататын қадағалауға болатын басқа да деректер кіреді.

Ұлттық Банк алдымен құнсызданудың объективті дәлелдемелерінің болуын өз алдына айтарлықтай болып табылатын амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша жеке-жеке және өз алдына айтарлықтай болып табылмайтын амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша жеке-жеке немесе ұжымдық түрде бағалайды. Егер Ұлттық Банк жеке-жеке бағаланатын амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша құнсызданудың объективті дәлелдемелерінің жоқ екенін, айтарлықтай немесе айтарлықтай емес екенін айқындаса, олар ұқсас сипаттағы кредит тәуекелі бар амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері тобына кіргізіледі және құнсыздануы ұжымдық түрде бағаланады. Құнсыздануы жеке-жеке бағаланатын, олар бойынша құнсызданудан зиян туындайтын немесе туындай беретін амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері құнсыздануы ұжымдық түрде айқындалатын бағалауға кіргізілмейді.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша құнсызданудан зиян шегудің объективті дәлелдемесі болған жағдайда, зиян сомасы амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерінің баланстық құны мен амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша тиімді пайыздық ставканы пайдаланыла отырып дисконтталған өтелетін кепілдік және қамтамасыз ету құнын қоса алғанда, болашақта болжанатын ақша қаражаты ағындарының ағымдағы сәтке келтірілген құны арасындағы айырма ретінде өлшенеді. Ақша қаражатының ағындары жасалған шарттардың талаптарына және ағымдағы экономикалық жағдайды көрсететін қолда бар тиісті ақпарат негізінде түзетілген зиян шегудің тарихи тәжірибесіне сәйкес ақша қаражатының болжамды ағындарын айқындау үшін негіз болып табылады.

Бірқатар жағдайларда амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған зиян сомасын айқындау үшін қажетті, қолда бар ақпарат шектеулі болуы немесе ағымдағы талаптарға және жағдайларға сәйкес келмеуі мүмкін. Мұндай жағдай заемшы қаржы қиындықтарын бастан кешірген, ал осындай заемшыларға қатысты қол жетерлік ақпарат көлемі шектеулі болған кезде орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Ұлттық Банк құнсызданудан болған зиян сомасын айқындау үшін өз тәжірибесін және пайымдауларын пайдаланады.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерінің құнсыздандырудан болған барлық зиян пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі және егер өтелетін құнның кейіннен өсуі құнсызданудан болған зияндарды танығаннан кейін болған оқиғаға объективті байланысты болуы мүмкін жағдайда ғана қалпына келтірілуі тиіс.

Егер амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша берешекті өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда, қаржы активтері құнсыздандыруға арналған тиісті резерв есебінен есептен шығарылады. Мұндай қаржы активтері (және құнсыздандыруға арналған кез келген тиісті резервтер) Ұлттық Банк басшылығы қаржы активтері бойынша берешекті өндіріп алу мүмкін еместігін айқындағаннан және қаржы активтері бойынша берешекті өндіріп алу жөніндегі барлық қажетті рәсімдер аяқталғаннан кейін есептен шығарылады.

(iii) Өз құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Өз құны бойынша көрсетілетін қаржы активтеріне сату үшін қолда бар инвестициялардың құрамына кіргізілген баға белгіленбейтін үлестік құралдар кіреді, олардың әділ құнын жеткілікті дәрежеде сенімді айқындау мүмкін болмағандықтан олар әділ құны бойынша көрсетілмейді. Осындай инвестициялардың құнсыздануы объективті болған жағдайда құнсызданудан болған зиян инвестициялардың баланстық құны мен осындай қаржы активтері бойынша пайданың ағымдағы нарықтық нормасын пайдалана отырып дисконтталған ақша қаражатының болашақта болжанатын ағынының ағымдағы сәтке сәйкес келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Көрсетілген инвестициялардың құнсыздануынан болған барлық зиян пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі және қалпына келтірілмейді.

(iii) Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салықтардан өзге, басқа да қаржылық емес активтер әрбір есептік күнгі жағдай бойынша құнсыздану белгілерінің болуына бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сату бойынша шығыстарды немесе оны пайдаланудан құндылықтарды шегергендегі әділ құнынан неғұрлым үлкен шама болып табылады. Пайдаланудан құндылықтарды айқындау кезінде ақша қаражатының болжанатын болашақ ағындары салық салғанға дейінгі дисконттау ставкаларын пайдалана отырып олардың бағалау күнгі құнына сәйкестендірілген құнына дисконтталады, ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және осы активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Ақша қаражаты ағыны басым болмайтын, басқа активтермен басым болатын белгілі бір дәрежеде ақша қаражатынан тәуелді емес актив үшін өтеу құны актив жатқызылатын ақша қаражаты басым актив немесе активтер тобы бойынша айқындалады. Құнсызданудан болған зиян ақша қаражатынан басым активтің немесе активтер тобының қалпына келтірілген баланстық құны оның өтелетін құнынан артық болған кезде танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық зиян пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі және өтелетін құнды айқындау кезінде пайдаланылатын бағаларда өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтірілуі тиіс. Активтің құнсыздануынан болған кез келген зиян, егер құнсызданудан болған зиян шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмесе, қалыптасуы мүмкін осындай баланстық құннан (амортизация және тозу шегерілгенде) аспайтын активтің қалпына келтірілген баланстық құны көлемінде қалпына келтірілуі тиіс.

(e) Салық салу

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҰБ корпоративтік табыс салығын және қосымша құн салығын төлеуден босатылған.

ҚҰБ еншілес және қауымдасқан ұйымдары салықтардың барлық түрі бойынша төлеушілер болып табылады.

Пайдаға салынатын салық ағымдағы және кейінге қалдырылған салық сомасынан тұрады.

Пайдаға салынған салық бойынша шығыстар сомасы бір жылда алынған салық салынатын пайданың мөлшері ескеріле отырып ағымдағы кезеңде айқындалады. Салық салынатын пайда салық салғанға дейінгі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген таза пайдадан бөлек, себебі ол салық салынуы немесе басқа жылдардағы салық салу мақсаттары үшін шегерілуі тиіс кірістер немес шығыстар баптарынан тұрмайды, сондай-ақ оған салық салынбайтын және салық салу мақсатында ескерілмейтін баптар кірмейді. ҚҰБ еншілес ұйымдарының пайдаға салынатын салық бойынша есепті кезеңдегі шығыстары есепті кезең ішінде енгізілген салық ставкаларын пайдалана отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық есепке алудың баланстық әдісі негізінде көрсетіледі және ол шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын пайданы есептеу үшін пайдаланылған салықты есепке алудың тиісті деректері арасындағы айырмаға есептелетін талаптарды немесе пайдаға салынатын салық бойынша міндеттемелерді білдіреді. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері әдетте барлық уақытша айырмаларға қатысты көрсетіледі, ал кейінге қалдырылған салықтық талаптар тиісті кейінге қалдырылған салық активтерін есепке алуға арналған болашақтағы салық салынатын пайданың болу ықтималдылығы есепке алына отырып көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күні тексеріледі және активті толық немесе ішінара өтеу үшін қажетті салық талабын сатудан пайда алу ықтималдылығы бұдан кейін болмайтын көлемде азайтылады.

Кейінге қалдырылған салықтар берешекті өтеу немесе активті сату кезеңінде қолданылуы мүмкін ставкалар бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар олар тікелей басқа жиынтық кіріске жатқызылған баптармен байланысты болған жағдайларды қоспағанда пайда және зиян туралы есепте көрсетіледі.

ҚҰБ еншілес ұйымдары кейінге қалдырылған салық талаптарын және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін өзара есептейді және егер:

- ҚҰБ еншілес ұйымдарының ағымдағы салық талаптарын ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есептеу жүргізуге заңды бекітілген құқығы болған жағдайда;
- Кейінге қалдырылған салық талаптары және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері сол салық органының сол салық субъектісінен өндіретін пайдаға салынатын салыққа жатқызылса, қаржылық жай-күйі туралы есепте қорытынды айырманы көрсетеді.

Ұлттық Банк өз қызметін жүзеге асыратын Қазақстанда Ұлттық Банктің қызметіне қатысты қолданылатын әр түрлі салықты есептеу және төлеу жөніндегі талаптар бар. Бұл салықтар пайда және зиян туралы есепте операциялық шығыстардың құрамында көрсетіледі.

(ж) Кірістер мен шығыстарды тану

Пайыздық кірістер және шығыстар есептеу қағидаты бойынша көрсетіледі және тиімді пайыздық ставка әдісі бойынша есептеледі. Пайыздық кірістер мен шығыстарға дисконт немесе сыйлықақы амортизациясы немесе қаржы құралының бастапқы танылған құны және оның өтеу күнгі, тиімді сыйақы ставка әдісі бойынша есептелген құны арасындағы айырма кіреді. Комиссия және басқа да кірістер/шығыстар операция жасалған күні пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте танылады.

(з) Зейнетақымен қамсыздандыру

Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінен басқа зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі жоқ. Ұлттық Банк қызметкерлердің зейнетақы жарналарын заңнамада белгіленген мерзімде жинақтаушы зейнетақы қорларына аударады. Ұлттық Банк жарналарды аударғаннан кейін төлем бойынша қандай да болмасын міндеттеме атқармайды. Қызметкер зейнетке шыққан кезде барлық төлемдерді зейнетақы қорлары жүзеге асырады.

(и) Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті дайындау мақсаты үшін ақша қаражатына және олардың баламаларына Ностро шоттарындағы ақша, өтеу мерзімі үш айға дейінгі депозиттер, кассадағы шетел валютасындағы ақша кіреді.

(к) Фидуциарлық қызмет

Ұлттық Банк өз клиенттеріне мүлікті сенімгерлік басқару бойынша қызмет көрсетеді. Ұлттық Банк сондай-ақ депо шоттары бойынша бағалы қағаздармен операциялар жүргізуді қамтамасыз ете отырып, өз клиенттеріне депозитарий қызметін көрсетеді. Фидуциарлық қызмет шеңберінде алынған активтер және қабылданған міндеттемелер Ұлттық Банктің қаржылық есептілігіне енгізілмейді. Ұлттық Банк фидуциарлық қызметпен байланысты операциялық тәуекелдер қабылдайды, алайда осы операциялар бойынша кредиттік және нарықтық тәуекелдерді Ұлттық Банктің клиенттері көтереді.

(л) Басшылықтың айтарлықтай бағалау салалары және бағалардың айқын еместігінің көздері

Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау басшылықтан есептілікте ұсынылған, есепті күнгі активтер мен міндеттемелердің сомаларына, сондай-ақ аяқталған кезең ішіндегі кірістер мен шығыстардың сомаларына әсер ететін бағалаулар жүргізуді талап етеді. Басшылық өзінің пайымдаулары мен бағалауларын тұрақты түрде бағалап отырады. Басшылық өзінің бағалаулары мен пайымдауларын тарихи тәжірибеге және осы жағдайлардағы тиімді деп саналатын әр түрлі факторларға негіздейді. Әр түрлі жол берілген көрсеткіштер мен талаптар болған кезде нақты нәтижелердің осы бағалаулардан айырмашылығы болуы мүмкін.

Қаржы құралдарын бағалау

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін ретінде жіктелген немесе сату үшін қолда бар қаржы құралдары, сондай-ақ барлық туынды құралдар әділ құны бойынша көрсетілген. Осы қаржы құралдардың әділ құны деп мәжбүрлеп сату немесе тарату жағдайларын қоспағанда, мүдделі тараптар мәміле жасау кезінде осы қаржы құралы айырбасталуы мүмкін бағалау сомасы танылады. Қаржы құралына нарықтық баға белгілеулер болған кезде әділ құн осы баға белгілеулер негізінде есептеледі. Нарықтық баға белгілеулер негізінде бағалауға мүмкіндік болмаған немесе олар болмаған кезде әділ құн осындай құралдар туралы қолда бар нарықтық деректерді және қаржылық теорияларды қолдануға негізделетін математикалық бағалау моделдерін талдау негізінде айқындалады. Бағалау моделдерінде бағалы қағаздар бойынша келісімшарттық талаптар, сондай-ақ нарықтық деректерге негізделген, пайыздық ставкалар, құбылмалылық, айырбастау бағамдары және контрагенттің кредиттік рейтингтері сияқты бағалау өлшемдері ескеріледі. Нарықтық деректерге негізделген бағалау өлшемдері болмаған жағдайда, басшылық нарықта қаржы құралын іске асыруға мүмкін болатын тиімді бағаны айқындау үшін осындай өлшемді ең жақсы бағалауға қатысты пайымдауды жүзеге асырады. Осы бағалауды жүзеге асыру кезінде орташа алынған мәліметтерді, тарихи деректерді және экстраполяция әдістерін қоса алғанда әр түрлі құралдар қолданылады. Бастапқы тану кезінде қаржы құралының әділ құнының ең жақсы растамасы, салыстырмалы нарықтық деректер болған жағдайларды қоспағанда, мәміленің бағасы болып табылады. Бастапқы тану кезінде мәміле бағасы және бағалау моделі негізінде есептелген құн арасындағы айырма пайда және зия туралы шоғырландырылған есепте танылмайды. Кейінгі кірістер немесе зияндар нарықтың қатысушысы бағаны айқындау кезінде қандай да болмасын фактордың нарықтық өзгерумен туындаған шамада ғана танылады.

Ұлттық Банк нарықтық баға белгілеулер болмаған жағдайларда қаржы құралдарын бағалауға қатысты бухгалтерлік бағалаулардың (а) олар басшылықтан пайыздық ставкалар, құбылмалылық, айырбастау бағамдары, контрагенттердің кредиттік рейтингілері, құнды түзетулер және операциялардың айрықша ерекшеліктері туралы пайымдау жасауды талап ететіндіктен олардың кезеңнен кезеңге өзгеріске айтарлықтай ұшырауына және (б) бағалаудағы өзгерістер танылатын, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілетін активтерге, сондай-ақ оның жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есебіне әсер етудің айтарлықтай болуына байланысты белгісіздіктің едәуір көзін білдіреді.

Басшылықтың пайыздық ставкаларға, құбылмалылыққа, айырбастау бағамдарына, контрагенттердің кредиттік рейтингілеріне, құнды түзетулерге қатысты өзге бағалауларды қолдануы нарықтық баға белгілеулерге жол берілмейтін қаржы құралдарын бағалаудың көп немесе аз өзгеруіне алып келер еді, бұл өз кезегінде Ұлттық Банктің таза кірісіне айтарлықтай әсер ете алар еді.

Негізгі құрал-жабдықтар

Негізгі құрал-жабдықтар қайта бағаланған құны бойынша көрсетіледі. Негізгі құрал-жабдықтарға қатысты есеп саясатының толық сипаттамасы жоғарыдағы есеп саясатының тиісті бөлімінде және 13 Ескертпеде көрсетілген.

(м) Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаттарын өзгерту

2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Ұлттық Банк шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасаудың жекелеген қағидаттарын өзгертті. 2008 жыл және өткен есепті кезеңдер ішінде алтынның, сондай-ақ шетел валютасымен көрсетілген активтер мен міндеттемелердің нарықтық құны бойынша қайта бағалаудан іске асырылған кіріс және зиян пайда мен шығын шоттарында көрсетілді.

2009 жылы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген белгілі бір өзгерістерге байланысты, сондай-ақ шетел валютасымен және тазартылған қымбат металдармен операцияларды бухгалтерлік есебін жүргізу жүйесін оңтайландыру және жетілдіру үшін Ұлттық Банк өзінің Есеп саясатының белгілі бір ережелерін қайта қарады. Атап айтқанда, 2009 жылдан бастап алтынды нарықтық құны бойынша қайта бағалаудан іске асырылған және сол сияқты іске асырылмаған кірістер, сондай-ақ шетел валютасымен көрсетілген активтер мен міндеттемелер басқа да жиынтық кірістің шоттарында тікелей көрсетіледі. Қайта бағалаудан іске асырылған және сол сияқты іске асырылмаған зиян пайда мен зиян туралы шоғырландырылған есепте қайта бағалаудан бұрын жинақталған, басқа да жиынтық кірістің шоттарында танылған кірістерден асатын сома шегінде көрсетіледі.

8 «Есеп саясаты, есептік бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» Халықаралық Бухгалтерлік Есеп Стандарттарының (бұдан әрі – ХБЕС) талаптарына сәйкес Ұлттық Банк, егер жаңа есеп саясаты ылғи да қолданылған болса, ұсынылған кезеңдердің ішіндегі ең ерте кезең үшін капиталдың осы өзгерісі әсер еткен әрбір компонентінің бастапқы сальдосын түзетті. Келесі өзгерістер 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және осы күні аяқталған жыл үшін шоғырландырылған есептіліктегі салыстырмалы деректерде болды:

Капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есептегі және қаржылық жай-күй туралы шоғырландырылған есептегі өзгерістер:

	Сомасы, 2008 жылғы 31 желтоқсандағы алдыңғы есепке сәйкес	Сомасы, 2008 жылғы 31 желтоқсандағы ағымдағы есепке сәйкес	Сомасы, 2008 жылғы 1 қаңтардағы алдыңғы есепке сәйкес	Сомасы, 2008 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы есепке сәйкес
Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалау резерві	60,619,605	84,985,327	91,704,290	115,310,340
Бөлінбеген пайда	41,411,118	17,044,639	45,252,865	21,646,815

Пайда және зиян туралы шоғырландырылған есептегі өзгерістер:

	Сомасы, 2008 жылғы 31 желтоқсандағы алдыңғы есепке сәйкес	Сомасы, 2008 жылғы 31 желтоқсандағы ағымдағы есепке сәйкес
Сату үшін қолда бар инвестициялармен, шетел валютасымен және алтынмен операциялардан түскен, іске асырылған таза кіріс	6,551,022	5,791,350

Ұлттық Банк ағымдағы жылы ХҚЕСК және ХҚЕСТК бекіткен, оның операцияларына қатысты және 2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезеңдер үшін есептілік жасау кезінде күшіне енгізілетін барлық жаңа және өзгертілген стандарттар мен түсіндірмелерді қолданды. Жаңа және өзгертілген стандарттар мен түсіндірмелерді қабылдау «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1-ХБЕС өзгерісін қоспағанда, Ұлттық Банктің ағымдағы және өткен жылдардың деректерін көрсету үшін пайдаланылған есеп саясатындағы айтарлықтай өзгерістерге алып келген жоқ.

1-ХБЕС (2007 жылы қайта қарастырылған) капиталдағы өзгерістер туралы есепті негізгі есеп ретінде ұсынуды және басқа да жиынтық кірісті не жиынтық кіріс туралы есептің бір бөлігі ретінде не тікелей пайда мен зиян туралы есептен кейінгі бөлек есеп ретінде ашып көрсетуді талап етеді. Нәтижесінде басқа да жиынтық кіріс туралы есеп тікелей пайда мен зиян туралы есептен кейінгі негізгі есеп ретінде енгізілді.

ХҚЕСК 2009 жылғы 12 наурызда «Қаржы құралдары – тану және бағалау» 39- ХҚЕС-ке және «Кіріктірілген қаржы құралдарын қайта бағалау» 9-түсіндірмеге 2009 жылғы 30 маусымда аяқталатын жылдық кезеңдер үшін қолданысқа енгізу күнін көрсете отырып түзетулер шығарды. Осы түзетулер қаржы активтерін «пайда мен зиян арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін» санатынан қайта жіктеу кезінде барлық кіріктірілген туынды қаржы құралдары бағалануы және қажет болса, қаржылық есептілікте бөлек есепке алынуы тиіс. Ұлттық Банк осы түзетулерді 2009 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезең үшін қолданды және олар жылдық қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер еткен жоқ деп санайды.

ХҚЕСК 2009 жылғы 5 наурызда «Қаржы құралдары – ашу» 7-ХҚЕС-ке «Қаржы құралдары туралы ашуларды жақсарту» деген атпен түзетулер шығарды. Осы түзетулер әділ құнды бағалау бойынша ашулар үшін үш деңгейлі жүйені енгізеді және ұйымдардан әділ құн бойынша қайта бағалаудың салыстырмалы шынайылығы туралы қосымша ашуды ұсынуды талап етеді. Сондай-ақ, осы түзетулер өтімділік тәуекелін ашу жөніндегі қолданылып жүрген талапты нақтылайды және кеңейтеді. Ұлттық Банк осы түзетулерді 2009 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезең үшін қолданды.

«Қаржы активтерін қайта жіктеу» деп аталған «Қаржы құралдары: Тану және бағалау» 39-ХБЕС-ке және «Қаржы құралдары: Ашу» 7-ХБЕС-ке түзетулер – ХҚЕСК 2008 жылғы 13 қазанда 39-ХБЕС-ке және 7-ХБЕС-ке түзетуді шығарды, осы түзету пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар санатынан туынды емес қаржы активтерін (пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланып, қаржы активтері ретінде бастапқы тану кезінде анықталатындарды қоспағанда) белгілі бір қайта жіктеуге жол береді, сондай-ақ жекелеген жағдайларда қаржы активтерін сату үшін қолда бар санатынан несиелер мен дебиторлық берешек санатына қайта жіктеуге мүмкіндік береді. 7-ХБЕС-ке түзету, егер ұйым 39-ХБЕС-ке түзетуге сәйкес қайта жіктеу жүргізсе, қаржылық есептіліктегі ашып көрсетуге қосымша талаптарды ұйғарады. Түзетулер 2008 жылғы 13 қазаннан бастап қолданылады және жекелеген жағдайларда 2008 жылғы 1 шілдеден бастап ретроспективті түрде қолданылуы мүмкін. Ұлттық Банк 39-ХБЕС-ке және 7-ХБЕС-ке түзетулерді ретроспективті түрде қолданбауға шешім қабылдады.

(н) Күшіне енгізілмеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер

Бірқатар жаңа стандарттар, стандарттарға толықтырулар және түсіндірмелер 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданысқа әлі енгізілген жоқ және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған жоқ. Көрсетілген жаңа ендірулердің ішінде төмендегі стандарттар мен түзетулер Ұлттық Банктің қаржы-шаруашылық қызметке әлуатті ықпал етуі мүмкін. Ұлттық Банк көрсетілген стандарттар мен түзетулерді олар қолданысқа енгізілген сәттен бастап қолдануды жоспарлап отыр.

Ұлттық Банк мыналар шығарған төмендегі Стандарттар мен Түзетулерді қолданған жоқ:

«Кәсіпорындар бірлестігі» 3-ХҚЕС – ХҚЕСК 3-ХҚЕС-ті және «Шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептілік» 27-ХБЕС-ке тиісті түзетулерді, 2008 жылғы қаңтарда аяқталатын кезеңнің нәтижелері бойынша ХҚЕСК-нің еншілес кәсіпорындарды сатып алу және сату мәселесін зерттеуін жариялады. Олар 2009 жылғы 1 шілдеден және кейінірек басталатын есептік кезеңдер үшін күшіне енгізіледі, бірақ 2007 жылғы 1 шілдеден және кейінірек басталатын есептік кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін. Ұлттық Банктің басшылығы осы өзгерістер қолданылған кезде олардың тиімділігін есептілікті жасау үшін бағалауды аяқтаған жоқ.

Қаржы құралдары – тану және бағалау – ХҚЕСК 2009 жылғы 12 қарашада «Қаржы құралдары – тану және бағалау» 39-ХҚЕС-ті ауыстыру бойынша жобадарға алғашқы қадам ретінде «Қаржы құралдары» 9-ХҚЕС-ті шығарды. 9-ХҚЕС активтерді жіктеу және бағалау жөніндегі жаңа талаптарды енгізеді. Осы талаптар 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі, олар 2009 жылды қоса алғанда күшіне енгізілетін күнге дейін қабылдануы ықтимал. ХҚЕСК 2010 жылы қаржы міндеттемелерін жіктеу және бағалау, қаржы құралдарын тануды тоқтату, құнсыздану және хеджирлеуді есеп алу жөніндегі жаңа талаптарды қосуды жоспарлап отыр. 2010 жылдың аяғында 9-ХҚЕС-ті 39-ХҚЕС толық ауыстырады және неғұрлым ертерек қолдану мүмкіндігімен 2013 жылдан бастап қолдануға міндетті. Ұлттық Банктің басшылығы осы стандартты ол қолданысқа енгізілген күнге дейін қолданбауды шешті. Ұлттық Банктің басшылығы осы стандарт қолданылған кезде оның тиімділігін есептілікті жасау үшін бағалауды аяқтаған жоқ.

ХҚЕСК 2009 жылғы 4 қарашада «Байланысты тараптарды ашу» 24-ХБЕС-ті, үкіметпен байланысты ұйымдар үшін ақпарат ашуға қойылатын талаптар бойынша ішінара ерекшелік беру үшін және байланысты тараптардың анықтамасын түсіндіру үшін қайта қарады. Қайта қарастырылған стандарт сондай-ақ кез келген міндеттеме үшін байланысты тараптан орындалуы тиіс (танылған немесе танылмаған) шарттарды қоса алғанда, болашақтағы белгілі бір оқиғаның туындауы немесе туындамауы шартымен қандай да болмасын іс-әрекет жасауды талап етеді. Қайта қарастырылған стандарт 2011 жылғы 1 қаңтардан және кейінірек басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады, көрсетілген мерзімге дейін қолдануға рұқсат етіледі. Ұлттық Банктің басшылығы қазіргі уақытта осы өзгерістің әсер етуін бағалауда.

ХҚЕСК 2009 жылғы қазанда 32-ХБЕС-ке шығарылған құқықтарды жіктеу бойынша өзгерістер шығарды. Шетел валютасының тіркелген өлшемі бойынша ұсынылған, шығарылған құқықтар үшін ағымдағы практика осындай шығарылымдарды туынды міндеттеме ретінде есепке алуды ұйғарады. Өзгеріс, егер осындай құқықтар ұйымның сол кластағы ағымдағы акционерлерін тепе-тең шетел валютасының тіркелген өлшемімен шығарылса, ол сатып алу бағасы көрсетілген валютаға қарамастан, капитал ретінде жіктелуі тиіс екенін көрсетеді. Өзгеріс 2010 жылғы 1 ақпаннан және кейінірек басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады. Ұлттық Банктің басшылығы қазіргі уақытта осы өзгерісті қолданудың әсер етуін бағалауда.

4 ӨТКЕН КЕЗЕҢНІҢ ТҮЗЕТУЛЕРІ ЖӘНЕ ЖІКТЕУДІ ӨЗГЕРТУ

Жіктеуді өзгерту

Жіктеуді 2009 жылғы 31 желтоқсанға және осы күнге аяқталатын жыл үшін есепті ұсыну нысанына сәйкес келтіру үшін ол 2008 жылғы 31 желтоқсанға және 2008 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікте өзгертілді. Ағымдағы кезеңді көрсету Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық жағдайын жақсы көрсетуді қамтамасыз етеді.

Осы қайта жіктеулерге пайда және зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялар бойынша кірісті/зиянды қайта жіктеу кіреді. Осы қайта жіктеулер мәні бойынша шамалы және Ұлттық Банктің қаржылық нәтижесіне ықпалы жоқ.

	Сомасы, 2008 жылғы 31 желтоқсандағы алдыңғы есепке сәйкес	Сомасы, 2008 жылғы 31 желтоқсандағы ағымдағы есепке сәйкес
Пайыздық кірістер	57,436,096	55,621,248
Пайыздық шығыстар	(26,334,924)	(26,322,326)
Пайда және зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен және міндеттемелерімен операциялар бойынша (зиян)/кіріс	10,010,543	11,812,793

5 АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

2009 жылғы 31 желтоқсандағы және 2008 жылғы 31 желтоқсандағы және 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілген ақша қаражаты және оның баламалары мынадай болды:

	2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 1 қаңтар
Шетелдік банктердегі Ностро шоттар	1,407,528,176	765,189,490	639,804,246
Кассадағы шетел валютасындағы ақша қаражаты	34,787,626	11,206,351	20,435,781
Қазақстан банктеріндегі өтеу мерзімі үш айдан аз депозиттер	4,350,000	15,810,625	809,247
Қазақстан банктеріндегі Ностро шоттар	587,963	284,383	2,445,177
Шетелдік банктердегі өтеу мерзімі үш айдан аз депозиттер	-	19,296,041	83,274,960
	<u>1,447,253,765</u>	<u>811,786,890</u>	<u>746,769,411</u>

6 АЛТЫН

	2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 1 қаңтар
Шетел банктеріндегі депозиттердегі алтын	263,779,259	172,404,122	149,762,144
ҚҰБ қоймасындағы құймадағы алтын	107,479,739	69,347,099	66,161,642
	<u>371,258,998</u>	<u>241,751,221</u>	<u>215,923,786</u>

7 БАНКТЕРГЕ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МЕКЕМЕЛЕРГЕ ТАЛАПТАР

39-ХБЕС-ке сәйкес несиелер мен дебиторлық берешек ретінде есептелген қаржылық активтер:

	2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 1 қаңтар
39-ХБЕС-ке сәйкес несиелер мен дебиторлық берешек ретінде есептелген қаржылық активтер:			
Ностро шоттар			
Экономикалық Үлгімақтастық және Даму Ұйымы (бұдан әрі – «ЭБДҰ») құрамына кіретін елдердің банктері	1,407,204,714	764,628,208	639,293,563
Басқа да шетелдік банктер	323,462	561,282	510,683
Халықаралық валюта қорындағы шоттар	84,802,173	68,539,304	165,664
Шетел валютасындағы операциялар бойынша талаптар			
Басқа да шетелдік банктер	485	-	-
ЭБДҰ құрамына кіретін елдердің банктері	129	960,934	1,893,059
Салымдар			
ЭБДҰ құрамына кіретін елдердің банктері	-	19,296,041	83,274,960
Сыртқы басқарудағы активтер			
ЭБДҰ құрамына кіретін елдердің банктері	-	-	23,275,082
Шетелдік банктерге және басқа да мекемелерге талаптардың жиынтығы	<u>1,492,330,963</u>	<u>853,985,769</u>	<u>748,413,011</u>
Қазақстан банктеріне және басқа да мекемелерге талаптар			
Салымдар			
Қазақстанның 10 ірі банкі	4,350,000	15,810,625	705,671
Қазақстанның басқа да банктері	-	-	103,576
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне талаптар	4,203,391	1,561,881	2,672,143
Ностро шоттар			
Қазақстанның 10 ірі банкі	513,974	98,877	2,349,160
Қазақстанның басқа да банктері	73,989	185,506	96,017
Қазақстан банктеріне және сақтандыру компанияларына талаптар	40	889,738	1,162,484
Заемдар			
Қазақстанның 10 ірі банкі	-	9,594,671	72,787,538
Қазақстан банктеріне және басқа да мекемелерге талаптардың жиынтығы	<u>9,141,394</u>	<u>28,141,298</u>	<u>79,876,589</u>
	<u>1,501,472,357</u>	<u>882,127,067</u>	<u>828,289,600</u>

(а) Банктердің және басқа мекемелердің шоттары мен депозиттерін шоғырландыру

2009 жылғы 31 желтоқсандағы және 2008 жылғы 31 желтоқсандағы және 1 қаңтардағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің тиісінше екі, бір және екі контрагенті – банктері және басқа мекемелері болды, олардың әрқайсының үлесіне банктердің және басқа мекемелердің шоттары мен депозиттері бойынша қалдықтардың жалпы көлемінің 10% астамы келді. Көрсетілген шоттар мен депозиттер бойынша қалдықтардың жиынтық көлемі 2009 жылғы 31 желтоқсандағы және 2008 жылғы 31 желтоқсандағы және 1 қаңтардағы жағдай бойынша тиісінше 1,136,703,986 мың теңге, 653,956,879 мың теңге және 616,712,738 мың теңге болды.

8 ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰН БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

(а) Туынды қаржы құралдары

Төменде 2009 жылғы 31 желтоқсандағы және 2008 жылғы 31 желтоқсандағы және 1 қаңтардағы жағдай бойынша туынды қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат ұсынылды:

	2009 жылғы 31 желтоқсан			2008 жылғы 31 желтоқсан			2008 жылғы 1 қаңтар		
	Келісілген/ шартты сомасы	Әділ құны		Келісілген/ шартты сомасы	Әділ құны		Келісілген/ шартты сомасы	Әділ құны	
		Активтер	Міндеттемелер		Активтер	Міндетте- лер		Активтер	Міндетте- мелер
<i>Туынды қаржы құралдары</i>									
- «своп» операциялары	43,590,127	891,460	(2,435,680)	331,246,597	9,635,926	(3,180,152)	56,788,576	94,048	-
- «форвард» операциялары	60,047,710	328,801	(59,142)	156,544,286	548	(75,863)	-	-	-
- «фьючерс» операциялары	-	-	-	183,175	101,230	(101,230)	-	-	-
	<u>103,637,837</u>	<u>1,220,261</u>	<u>(2,494,822)</u>	<u>487,974,058</u>	<u>9,737,704</u>	<u>(3,357,245)</u>	<u>56,788,576</u>	<u>94,048</u>	<u>-</u>

2009, 2008 жылдардағы 31 желтоқсандағы және 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің шетел валютасымен мерзімді мәмілелер және «своп» операциялары берешегінің келісілген сомалары, қалған өтеу мерзімдері және орташа алынған келісілген валюта бағамдары негізгі валюталар бойынша төмендегі кестеде келтірілді:

	Келісілген/ шартты сомасы	2009 жылғы 31 желтоқсан		
		Мәмілелер- дің орташа алынған валюта бағамы	Әділ құны Активтер Міндеттемелер	
«Своп» операциялары				
Оңтүстік Корея вонасына теңге сатып алу				
Үш айдан астам мерзімге	43,590,127	7.85	891,460	(2,435,680)
	<u>43,590,127</u>		<u>891,460</u>	<u>(2,435,680)</u>
«Форвард» операциялары				
Ағылшын фунтына АҚШ долларын сатып алу				
Үш айдан аз мерзімге	6,910,161	1.605021	-	(37,565)
АҚШ долларына алтын сату				
Үш айдан аз мерзімге	8,206,127	1,105.50	10,285	-
АҚШ долларына алтын сату				
Үш айдан аз мерзімге	8,202,415	1,105.00	6,734	-
АҚШ долларына алтын сатып алу				
Үш айдан аз мерзімге	8,129,521	1,095.18	66,185	-
АҚШ долларына алтын сатып алу				
Үш айдан аз мерзімге	8,130,412	1,095.30	65,447	-
Австралия долларына жапон йенасын сатып алу				
Үш айдан аз мерзімге	2,378,374	82.0695	-	(21,577)
АҚШ долларына ағылшын фунтын сатып алу				
Үш айдан аз мерзімге	2,156,400	1.589234	32,759	-
АҚШ долларына ағылшын фунтын сатып алу				
Үш айдан аз мерзімге	6,948,400	1.588735	107,705	-
АҚШ долларына еуроны сатып алу				
Үш айдан аз мерзімге	8,985,900	1.434705	39,686	-
	<u>60,047,710</u>		<u>328,801</u>	<u>(59,142)</u>
	<u>103,637,837</u>		<u>1,220,261</u>	<u>(2,494,822)</u>

9 КЕРІ РЕПО МӘМІЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 1 қаңтар
Қазақстан банктері	586,451,722	119,702,645	4,003,617
ЭБДҰ құрамына кіретін елдердің банктері	-	276,299,545	167,933,720
	<u>586,451,722</u>	<u>396,002,190</u>	<u>171,937,337</u>

(a) Қамтамасыз ету

2009 жылғы 31 желтоқсандағы және 2008 жылғы 31 желтоқсандағы және 1 қаңтардағы жағдай бойынша кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек мынадай бағалы қағаздармен қамтамасыз етілді:

	2009 жылғы 31 желтоқсан Әділ құны	2008 жылғы 31 желтоқсан Әділ құны	2008 жылғы 1 қаңтар Әділ құны
Қазақстан банктері және басқа да мекемелер			
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ облигациялары	417,627,858	-	-
ҚҰБ ноталары	-	44,056,472	-
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	-	41,823,599	4,206,037
Басқа банктердің корпоративтік бағалы қағаздары	-	13,483,758	-
	<u>417,627,858</u>	<u>99,363,829</u>	<u>4,206,037</u>
ЭБДҰ құрамына кіретін елдердің банктері			
АҚШ Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	-	272,059,191	168,165,084
Жапония Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	-	4,099,240	-
	<u>-</u>	<u>276,158,431</u>	<u>168,165,084</u>
	<u>417,627,858</u>	<u>375,522,260</u>	<u>172,371,121</u>

10 САТУ ҮШІН ҚОЛДА БАР ИНВЕСТИЦИЯЛАР

	2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 1 қаңтар
<i>Листингке кіретін борыштық құралдар</i>			
Шетел эмитенттеріндегі инвестициялар			
АҚШ Үкіметінің қазынашылық міндеттемелері	700,031,462	431,935,140	347,969,052
Ұлыбритания Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	137,390,598	60,619,761	58,798,608
Жапония Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	134,081,105	80,694,473	66,076,051
Италия Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	114,583,183	32,393,067	33,673,808
Германия Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	108,108,245	59,517,700	40,652,239
Франция Үкіметінің Мемлекеттік облигациялары	78,707,049	159,392,052	20,731,400
Австралия Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	70,959,290	30,306,422	22,927,892
Халықаралық қаржы ұйымдарының және халықаралық мемлекеттік қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	60,114,083	90,162,687	223,865,276
Корея Үкіметінің Мемлекеттік облигациялары	50,165,623	51,399,163	-
Испания Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	41,809,327	10,361,956	13,792,942
Нидерланд Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	26,686,978	13,648,175	16,236,162
Греция Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	24,213,976	8,649,745	25,545,458
Бельгия Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	22,584,327	9,308,844	9,386,600
Португалия Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	8,591,556	2,794,135	8,997,836
Финляндия Үкіметінің Мемлекеттік облигациялары	5,535,701	-	-
Австрия Үкіметінің Мемлекеттік облигациялары	4,949,558	-	-
Ирландия Үкіметінің Мемлекеттік облигациялары	2,732,575	-	-
Басқалары	85,301,913	39,621,459	60,330,530
Шетелдік эмитенттеріндегі инвестициялардың барлығы	1,676,546,549	1,080,804,779	948,983,854
Қазақстан эмитенттеріндегі инвестициялар			
Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	121,524,762	95,354,352	22,692,375
«Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ-ның облигациялары	1,317,011	966,813	1,085,541
Қазақстан эмитенттерінің барлық инвестициялары	122,841,773	96,321,165	23,777,916
<i>Листингке кірмейтін үлестік құралдар</i>			
«Қазақстанның қор биржасы» АҚ	2,695	2,200	22,003
«Қазақстанның ипотекалық құралдарға кепілдік беру қоры» АҚ	-	500,000	500,000
Листингке кірмейтін үлестік құралдардың жиынтығы	2,695	502,200	522,003
	1,799,391,017	1,177,628,144	973,283,773

2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша халықаралық қаржы ұйымдарының және халықаралық мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары Франция, Германия, Люксембург мемлекеттік агенттіктері және Федеральдық жеке қарыз алу банкі (2008 жылғы 31 желтоқсан мен 1 қаңтар: Даму Кредиттік ұйымы, Еуропа Инвестициялық Банкі, Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі, Федеральдық ипотекалық қарыз алу банкі, Федеральдық Ұлттық Ипотекалық қауымдастығы, сондай-ақ Франция, Австралия, Италия мемлекеттік агенттіктері) шығарған бағалы қағаздарды білдіреді.

2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетелдік эмитенттердің басқа да инвестициялары Францияның, Ирландияның, Нидерландтың, Германияның (2008 жылғы 31 желтоқсан мен 1 қаңтар: Германияның, Нидерландтың, Австралияның, Жапонияның және Ирландияның) резиденттері болып табылатын компаниялары шығарған корпоративтік бағалы қағаздарды білдіреді.

2009 жылғы шілдеде «Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның жай акциялары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы № 19 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз берілді. 2009 жылғы 31 желтоқсандағы және 2008 жылғы 31 желтоқсандағы және 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның жай акциялары баға белгіленген болып табылмады және өз құны бойынша ескерілді. Ұлттық Банк 2008 жылғы маусымда «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның жай акцияларын 19,803 мың теңге сомаға сатты.

2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «БТА Банк» АҚ және «TuranAlem Finance BV» корпоративтік облигациялары бойынша құнсыздандудың объективтік белгілерінің болуы нәтижесінде Ұлттық Банктің басшылығы басқа да жиынтық кірістер шоттарында тікелей танылған, 10,126,616 мың теңге сомадағы жинақталған зиянды есепті кезеңнің пайда мен зиян туралы шоғырландырылған есебінде таныды.

11 ӨТЕУГЕ ДЕЙІН ҰСТАЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

	2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 1 қаңтар
Қазақстан эмитенттерінің инвестициялары			
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	400,000	921,272	-
	<u>400,000</u>	<u>921,272</u>	<u>-</u>

«ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның еншілес ұйымында мынадай өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар болды: 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша МЕОКАМ – 48 2010 жылғы өтеу мерзімімен 400,000 мың теңге сомадан; 2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу мерзімі 2009 және 2010 жылдар болатын МЕККАМ – 12 291,811 мың теңге сомадан, МЕОКАМ – 24 229,461 мың теңге сомадан және МЕОКАМ – 48 400,000 мың теңге сомадан құрылды.

12 ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2009 жылғы 31 желтоқсанда және 2008 жылғы 31 желтоқсанда және 1 қаңтарда Ұлттық Банктің қауымдасқан компанияларда мынадай инвестициялары болды, олар үлестік қатысу әдісі бойынша есептелген:

Компаниялардың атауы	Заңды тұлғалардың тіркелген елі	Негізгі қызметі	Бақыланатын үлес %			Баланстық құны		
			2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 1 қаңтар	2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 1 қаңтар
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	Қазақстан Республикасы	Бағалы қағаздармен операциялар	49.79%	49.79%	49.79%	542,201	402,024	341,231
«Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық Талдамалық орталық» АҚ	Қазақстан Республикасы	Зерттеу жүргізу, консультациялық қызмет	-	37.74%	50.00%	-	930,424	989,087
						<u>542,201</u>	<u>1,332,448</u>	<u>1,330,318</u>

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарының 2009 жылғы 29 қазандағы № 20-19/5758 хаты негізінде және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздығы Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық» акционерлік қоғамының акциялар пакетін өтеусіз беру туралы» 2009 жылғы 30 қарашадағы № 112 қаулысына сәйкес, Ұлттық Банк «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық» акционерлік қоғамының орналастырылған акцияларының жалпы санының 37,74% құрайтын акциялар пакетінің 100 000 дана жай акцияларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігіне заңнамада белгіленген тәртіппен өтеусіз берді.

Төменде қауымдасқан компанияларға қатысты жинақталған қаржылық ақпарат келтірілген:

	2009 жылғы 31 желтоқсан және осы күнге аяқталған жыл үшін	
	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	Жиынтығы
Активтер	1,105,523	1,105,523
Міндеттемелер	16,638	16,638
Капиталдың барлығы	1,088,885	1,088,885
Жалпы кіріс	446,377	446,377
1 қаңтардағы бөлінбеген пайда	762,917	762,917
Бір жылдағы таза пайда	277,368	277,368
31 желтоқсанға бөлінбеген пайда	1,040,285	1,040,285

2008 жылғы 31 желтоқсан және осы күнге аяқталған жыл үшін

	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық» АҚ	Жиынтығы
Активтер	828,376	2,526,014	3,354,390
Міндеттемелер	21,004	60,390	81,394
Капиталдың барлығы	807,372	2,465,624	3,272,996
Жалпы кіріс	299,507	143,350	442,857
1 қаңтардағы бөлінбеген пайда	604,053	(21,890)	582,163
Бір жылдағы таза пайда	124,719	(116,153)	8,566
31 желтоқсанға бөлінбеген пайда	728,772	(138,043)	590,729

2008 жылғы 1 қаңтар және осы күнге аяқталған жыл үшін

	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық» АҚ	Жиынтығы
Активтер	698,450	979,932	1,678,382
Міндеттемелер	13,167	1,758	14,925
Капиталдың барлығы	685,283	978,174	1,663,457

13 НЕГІЗГІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

	Жер, үйлер және ғимараттар	Жиһаз және жабдық	Компьютер жабдығы	Көлік құралдары	Аяқталмаған құрылыс/орнатылмаған жабдық	Жиынтығы
Бастапқы/Қайта бағаланған құны						
2008 жылғы 1 қаңтар	19,171,501	7,720,472	2,120,044	736,027	312,505	30,060,549
Түсімдер	199,389	2,316,855	696,863	12,964	724,480	3,950,551
Қайта бағалау	746,053	77,651	755	7,167	-	831,626
Шығынға жазу	(156,638)	(378,066)	(268,251)	(177)	(20,832)	(823,964)
Аударымдар	2,651	178,780	53,207	254,616	(489,254)	-
2008 жылғы 31 желтоқсан	19,962,956	9,915,692	2,602,618	1,010,597	526,899	34,018,762
Түсімдер	339,555	2,589,304	354,417	121	914,182	4,197,579
Қайта бағалау	(246,936)	-	-	-	-	(246,936)
Шығынға жазу	(113,925)	(655,095)	(432,477)	(100,472)	-	(1,301,969)
Аударымдар	-	499,217	42,140	305	(541,662)	-
2009 жылғы 31 желтоқсан	19,941,650	12,349,118	2,566,698	910,551	899,419	36,667,436
Амортизация						
2008 жылғы 1 қаңтар	401,345	3,529,489	1,480,688	470,419	-	5,881,941
Есептелген амортизация	1,042,633	770,590	219,704	98,121	-	2,131,048
Қайта бағалау	115,794	(6,630)	(556)	1,661	-	110,269
Шығынға жазу	(150,470)	(278,477)	(265,231)	(177)	-	(694,355)
2008 жылғы 31 желтоқсан	1,409,302	4,014,972	1,434,605	570,024	-	7,428,903
Есептелген амортизация	1,049,671	724,329	296,532	63,868	-	2,134,400
Шығынға жазу	(28,665)	(530,639)	(378,562)	(93,678)	-	(1,031,544)
2009 жылғы 31 желтоқсан	2,430,308	4,208,662	1,352,575	540,214	-	8,531,759
Баланстық құны						
2009 жылғы 31 желтоқсан	<u>17,511,342</u>	<u>8,140,456</u>	<u>1,214,123</u>	<u>370,337</u>	<u>899,419</u>	<u>28,135,677</u>
2008 жылғы 31 желтоқсан	<u>18,553,654</u>	<u>5,900,720</u>	<u>1,168,013</u>	<u>440,573</u>	<u>526,899</u>	<u>26,589,859</u>
2008 жылғы 1 қаңтар	<u>18,770,156</u>	<u>4,190,983</u>	<u>639,356</u>	<u>265,608</u>	<u>312,505</u>	<u>24,178,608</u>

Активтердің құнын қайта бағалау

2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үйлер мен ғимараттардың құны «Бизнес Партнер» бағалау-заң компаниясы» ЖШС жүргізген тәуелсіз бағалау нәтижесі негізінде қайта бағаланды.

Егер үйлер мен ғимараттардың құны қайта бағаланбаған жағдайда олардың 2009 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны 17,758,278 мың теңге болар еді.

2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үйлер мен ғимараттардың, жиһаз және жабдықтың, компьютер жабдығының, көлік құралдарының құны «Уст-Каменногорск-Консалтинг» ЖШС және «Финаудит-оценка» ЖШС жүргізген тәуелсіз бағалау нәтижесі негізінде қайта бағаланды.

Үйлер мен ғимараттардың, жиһаз және жабдықтың, компьютер жабдығының, көлік құралдарының құны қайта бағаланбаған жағдайда олардың 2008 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны: үйлер мен ғимараттардың – 17,923,396 мың теңге, жиһаз және жабдықтың – 5,829,698 мың теңге, компьютер жабдығының – 1,167,812 мың теңге, көлік құралдарының – 526,901 мың теңге, болар еді.

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша үйлер мен ғимараттардың құны «KBS Advisors Компаниясы» ЖШС жүргізген тәуелсіз бағалау нәтижесі негізінде қайта бағаланды.

Егер үйлердің және ғимараттардың құнын қайта бағалау болмағанда, олардың баланстық құны 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 4,621,000 мың теңге болар еді.

Ұлттық Банктің басшылығы Қазақстан Республикасындағы ағымдағы экономикалық жағдайды ескере отырып қазақстандық теңгенің АҚШ долларына бағамының 10%-ға өсуге және 15%-ға азаюға ауытқуы мүмкін деп болжайды. Сезімталдықтың бұл деңгейі Ұлттық Банктің негізгі басқару қызметкерлері үшін валюталық тәуекел туралы есептерді жасау кезінде Ұлттық Банктің ішінде пайдаланылады және Ұлттық Банк басшылығының валюталық бағамдардың ықтимал өзгеруінің бағалауын көрсетеді. Сезімталдықты талдауға айырбастау кезінде 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағылармен салыстырғанда тиісінше, 10%-ға өсу және 15%-ға төмендеу бағамдары пайдаланылатын кезең соңындағы тек шетел валютасындағы сомалар енгізілген. Ұлттық Банктің жыл ішіндегі капиталының 2009 жылғы және 2008 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданылған позициялары және алтынның, АҚШ долларының, еуроның, жапон иенасының, СДР-дің, фунт стерлингтің, және басқа да шетел валюталарының Қазақстан теңгесіне қатынасы бойынша 2009 жылы 10%-ға өсуіне және 15%-ға төмендеуіне және 2008 жылы 25%-ға өсуі мен төмендеуінің жеңілдетілген сценарийі негізінде негізінде жасалған валюта бағамдарының өзгеруіне құрылған сезімталдығын талдау төмендегідей берілуі мүмкін.

	2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан
Трой унциясы бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда өсуі	37,125,900	60,437,805
Трой унциясы бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда төмендеуі	(55,688,850)	(60,437,805)
АҚШ доллары бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда өсуі	181,297,610	261,322,354
АҚШ доллары бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда төмендеуі	(271,946,414)	(261,322,354)
Еуро бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда өсуі	53,935,814	104,440,530
Еуро бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда төмендеуі	(80,903,721)	(104,440,530)
Жапон иенасы бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда өсуі	16,294,307	45,983,348
Жапон иенасы бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда төмендеуі	(24,441,461)	(45,983,348)
СДР бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда өсуі	20,955	(4,291)
СДР бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда төмендеуі	(31,433)	4,291
Фунт стерлинг бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда өсуі	13,939,329	27,003,846
Фунт стерлинг бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда төмендеуі	(20,908,994)	(27,003,846)
Басқа да валюталар бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда өсуі	8,126,623	6,851,551
Басқа валюталар бағамының Қазақстан теңгесіне қарағанда төмендеуі	(12,189,935)	(6,851,551)

Талдау Ұлттық Банктің әр есепті кезеңнің соңында таза іске асырылмаған позициясы бар деген болжам негізінде дайындалды және тиісінше пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепке әсері жоқ. пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепке ықпал ету Ұлттық Банктің жыл соңында тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан және шетел валютасынан болған іске асырылмаған нетто позиция оң немесе теріс болғандығына байланысты.

Сезімталдықты талдауды шектеу

Жоғарыда келтірілген кестелерде негізгі жол берілетін көрсеткіштің өзгеру әсері көрсетілген, ал басқа жол берілетін көрсеткіштер өзгеріссіз қалған. Іс жүзінде жол берілетін көрсеткіштер мен басқа факторлар арасында байланыс бар. Сондай-ақ сезімталдықтың желілік емес сипаты бар, сондықтан алынған нәтижелердің интерполяциясы немесе экстраполяция жүргізілмеуі қажет.

Сезімталдықты талдау Ұлттық Банктің активтер мен пассивтерді белсенді басқаратындығын ескермейді. Осыған қосымша ретінде Ұлттық Банктің қаржы жағдайы нарықтағы болып жатқан өзгерістерге байланысты өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Мысалы, Ұлттық Банктің қаржы нарықтарын басқару саласындағы стратегиясы нарық ауытқуының тәуекелдерін басқаруға бағытталған. Бағалы қағаздар нарығындағы бағалардың күрт теріс ауытқулары жағдайында басшылық инвестицияларды сату, инвестициялық портфельдің құрамын өзгерту әдістеріне, сондай-ақ өзге де қорғау әдістеріне оралуы мүмкін. Осылайша жол берілетін көрсеткіштердің өзгеруі міндеттемелерге әсер етпеуі мүмкін және шоғырландырылған баланста нарық бағасы бойынша есептелген активтерге біршама әсер етуі мүмкін. Бұл жағдайда активтер мен міндеттемелерді бағалаудың әртүрлі әдістері капитал мөлшерінің біршама ауытқуына әкелуі мүмкін.

Жоғарыда келтірілген сезімталдықты талдаудағы басқа шектеулерге Ұлттық Банктің қандай да болмасын сенімділікпен айтуға болмайтын нарықтағы болатын өзгерістер туралы тек болжамы ретінде көрінетін әлуетті тәуекелді ашу мақсатында нарықтағы болжамды қозғалыстарды қолдануы кіреді. Сондай-ақ барлық пайыздық ставкалар бірдей өзгереді деген болжам шектеу болып табылады.

(iii) Баға тәуекелі

Баға тәуекелі – бұл нарықтық бағалардағы өзгеріс нәтижесінде, егер бұл өзгерістер белгілі бір құралға тән факторлардан немесе нарықта сатылатын барлық құралдарға ықпалын тигізетін факторлардан туындаса, қаржы құралы құнының өзгеріп тұру тәуекелі. Баға тәуекелі Ұлттық Банк қаржы құралында ұзақ немесе қысқа позиция ұстанған кезде пайда болады.

Ұлттық Банк баға тәуекелін эталондық портфельден ауытқу лимиттерін белгілеу арқылы басқарады. Ұлттық Банк Басқармасы алтын валюта активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегия шеңберінде үнемі бақылайтын және бекітетін Tracking Error көрсеткішінің көлемі осындай ауытқудың негізгі көрсеткіші болып табылады.

2009 және 2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық Банк баға тәуекеліне ұшыраған жоқ.

(б) Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі дегеніміз заем алушының немесе Ұлттық Банктің контрагентінің өз міндеттемелерін орындамау нәтижесінде туындайтын қаржылық ысырап тәуекелі. Ұлттық Банк кредит портфелін шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау талаптарын қоса алғанда, кредит тәуекелін басқару саясатын және рәсімдерін әзірледі, сондай-ақ Инвестициялық Комитетті құрды, оның функциясына кредит тәуекелінің лимиттерін қадағалау кіреді. Ұлттық Банктің кредит тәуекелін Басқарма қарайды және бекітеді.

Ұлттық Банктің кредит саясаты:

- Ұлттық Банктің қарсы әріптестері бойынша ең жоғарғы тәуекел лимитін есептеу және белгілеу әдіснамасын;
- Ұлттық Банктің қарсы әріптестері бойынша тәуекел лимитінің тұрақты мониторингін жүргізу рәсімдерін және оны қайта қарауды белгілейді.

Қарсы әріптестердің тізіміне кіргізу туралы өтінімдер Ұлттық Банктің талдаушыларына келіп түседі. Талдаушылардың қарсы әріптес туралы есебі қаржылық көрсеткіштер коэффициенттерінің талдауына және халықаралық рейтинг агенттіктерінің деректері бойынша қаржылық жағдайының талдауына негізделеді. Осы есептің негізінде инвестициялық комитет қарсы әріптесті бекітеді.

Ұлттық Банктің талдаушылары күн сайын қарсы әріптеске белгіленген лимиттің мониторингін жүргізеді. Жекелеген қарсы әріптестерді талдаумен қоса Ұлттық Банктің талдаушылары портфельдерді кредит тәуекелдерін шоғырландыруға қатысты бағалауды жүргізеді.

Ұлттық Банктің кредит тәуекелінің ең жоғарғы деңгейі, әдетте, шоғырландырылған баланстағы қаржы активтерінің баланстық құнында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігінің ықтимал кредит тәуекелінің төмендеуі үшін айтарлықтай маңызы болмайды.

Кредиттік тәуекелдің ең көп мөлшері

Ұлттық Банктің кредиттік тәуекелінің ең көп мөлшері нақты активтерге және жалпы нарық тәуекелдеріне тиесілі жеке тәуекелдерге байланысты біршама өзгеріп отыруы мүмкін.

Келесі кестеде қаржы активтері мен шартты міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекелдің ең көп мөлшері көрсетілген. Баланс шоттарында көрсетілген қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелдің ең көп мөлшері активтерді, міндеттемелерді және қамтамасыз етуді есептеуді ескермей осы активтердің баланстық құнына тең. Қаржы кепілдемелері мен басқа шартты міндеттемелер үшін кредиттік тәуекелдің ең көп мөлшері кепілдеме бойынша төлемдер жүргізу қажеттігі туындаған кезде немесе ашық кредиттік желі шеңберінде несиелерді талап еткен жағдайда Ұлттық Банктің төлеуі қажет ең көп соманы білдіреді. Кепілдік қамтамасыз ету әрбір жеке заем бойынша кредит сомасымен шектелген әділ құн бойынша көрсетіледі.

2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

	Кредиттік тәуекелдің ең көп мөлшері	Есептеу сомасы	Есептеуден кейінгі кредиттік тәуекелдің таза мөлшері	Қамтамасыз ету	Есептеуден кейін және қамтамасыз етуді есепке алудан кейінгі кредиттік тәуекелдің таза мөлшері
Шетел валютасындағы ақша қаражаты	34,787,626	-	34,787,626	-	34,787,626
Алтын	371,258,998	-	371,258,998	-	371,258,998
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар	1,501,472,357	-	1,501,472,357	-	1,501,472,357
Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	1,220,261	-	1,220,261	-	1,220,261
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	586,451,722	-	586,451,722	417,627,858	168,823,864
Сату үшін қолда бар инвестициялар	1,799,391,017	-	1,799,391,017	-	1,799,391,017
Өтеуге дейінгі ұсталатын инвестициялар	400,000	-	400,000	-	400,000
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	542,201	-	542,201	-	542,201
Басқа да қаржы активтері	4,135,615	-	4,135,615	13	4,135,602

2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

	Кредиттік тәуекелдің ең көп мөлшері	Есептеу сомасы	Есептеуден кейінгі кредиттік тәуекелдің таза мөлшері	Қамтамасыз ету	Есептеуден кейін және қамтамасыз етуді есепке алудан кейінгі кредиттік тәуекелдің таза мөлшері
Шетел валютасындағы ақша қаражаты	11,206,351	-	11,206,351	-	11,206,351
Алтын	241,751,221	-	241,751,221	-	241,751,221
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар	882,127,067	-	882,127,067	-	882,127,067
Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	9,737,704	-	9,737,704	-	9,737,704
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	396,002,190	-	396,002,190	375,522,260	20,479,930
Сату үшін қолда бар инвестициялар	1,177,628,144	-	1,177,628,144	-	1,177,628,144
Өтеуге дейінгі ұсталатын инвестициялар	921,272	-	921,272	-	921,272
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	1,332,448	-	1,332,448	-	1,332,448
Басқа да қаржы активтері	2,618,742	-	2,618,742	274	2,618,468

Келесі кестеде құнсызданған және мерзімі өткен, бірақ құнсыздануға ұшырамайтын қаржы активтерінің ағымдағы құны көрсетілген:

	Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған	Құнсызданған	2009 жылғы 31 желтоқсан Жиынтығы
Шетел валютасындағы ақша қаражаты	34,787,626	-	-	34,787,626
Алтын	371,258,998	-	-	371,258,998
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар	1,501,472,357	-	-	1,501,472,357
Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	1,220,261	-	-	1,220,261
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	586,451,722	-	-	586,451,722
Сату үшін қолда бар инвестициялар	1,793,001,952	-	6,389,065	1,799,391,017
Өтеуге дейінгі ұсталатын инвестициялар	400,000	-	-	400,000
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	542,201	-	-	542,201
Басқа да қаржы активтері	4,135,581	34	-	4,135,615

	Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған	Құнсызданған	2008 жылғы 31 желтоқсан Жиынтығы
Шетел валютасындағы ақша қаражаты	11,206,351	-	-	11,206,351
Алтын	241,751,221	-	-	241,751,221
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар	882,127,067	-	-	882,127,067
Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	9,737,704	-	-	9,737,704
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	396,002,190	-	-	396,002,190
Сату үшін қолда бар инвестициялар	1,177,628,144	-	-	1,177,628,144
Өтеуге дейінгі ұсталатын инвестициялар	921,272	-	-	921,272
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	1,332,448	-	-	1,332,448
Басқа да қаржы активтері	2,615,063	3,679	-	2,618,742

Ұлттық Банк қарсы әріптестерінің қаржы активтері үш рейтингтік агенттік Moody's Investors' Services, Standard&Poor's және Fitch берген рейтингтердің ең төменгісімен жіктеледі. Төменде келтірілген кестеде Standard & Poor's рейтинг агенттігінің код белгілеуі пайдаланылады, осы ақпарат Bloomberg ақпарат жүйесінен алынды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары және олар бойынша жинақталған сыйақы Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді рейтингтерінің ең төменгісімен жіктелді. AAA+ рейтингі мысалы, Халықаралық Валюта Қоры тәрізді сенімділігі жоғары халықаралық қаржы институтын белгілеуге пайдаланылады.

Төменде Ұлттық Банк активтерінің 2009 және 2008 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік рейтингі келтіріліп отыр:

	2009 жылғы 31 желтоқсан			2008 жылғы 31 желтоқсан		
	Кредиттік рейтинг	Сомасы	Қаржы активтерімен %	Кредиттік рейтинг	Сомасы	Қаржы активтерімен %
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ						
Шетел						
валютасындағы ақша қаражаты	рейтингсіз	34,787,626	0.81	рейтингсіз	11,206,351	0.41
	AA	38,781,238	0.90	AA+	28,202,868	1.04
	AA-	71,548,910	1.66	AA-	71,619,168	2.63
	A+	24,562,935	0.57	A+	47,496,284	1.74
	A	128,886,176	3.00	A	19,856,266	0.73
Алтын	рейтингсіз	107,479,739	2.50	рейтингсіз	74,576,635	2.74
	AAA	343,112,325	7.98	AAA	701,423,953	25.76
	AA+	19,871,462	0.46	AA+	2,267,496	0.08
	AA	19,833,455	0.46	AA-	24,929,766	0.92
	A+	14,403,763	0.33	A+	36,555,347	1.34
	A	3,153,542	0.07	A	19,973,845	0.73
	B+	64,976	0.00	BBB+	560,776	0.02
	B	3,681,692	0.09	BBB-	19,545,980	0.72
	D	13	0.00		-	-
	рейтингсіз	1,097,351,129	25.52	B+	15,030,625	0.55
				WR	281	0.00
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар				рейтингсіз	61,838,998	2.27
Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша	AA	115,418	0.00	AA	565	0.00
	A+	72,919	0.00	A+	101,230	0.00
	A	999,165	0.02	A	9,489,376	0.35
бағаланатын қаржы активтері	AA-	32,759	0.00	BB	95,838	0.00
				B+	50,695	0.00
Кері РЕПО мәмілелері бойынша	BBB-	180,915,400	4.21	AAA	276,299,545	10.15
дебиторлық берешек	D	405,536,322	9.43	B+	119,702,645	4.40
	AAA	1,106,102,463	25.73	AAA	770,242,374	28.28
	AA+	82,171,197	1.91	AA+	9,308,844	0.34
	AA	136,813,679	3.18	AA	80,694,473	2.96
	A+	145,940,713	3.39	AA-	2,794,135	0.10
	AAАe	10,106,833	0.24	A+	58,211,145	2.14
	B+	886,827	0.02	A	3,213,774	0.12
	B	10,506,487	0.24	A-	8,649,745	0.32
	BBB	122,844,468	2.86	A-1+	82,642,951	3.03
	BBB+/-	24,213,976	0.56	A2	51,399,163	1.89
	D	6,389,065	0.15	BBB	67,671,898	2.48
		-	-	BBB-	7,703,992	0.28
Сату үшін қолда бар инвестициялар	рейтингсіз	153,415,309	3.57	рейтингсіз	35,095,650	1.29
Өтеуге дейін ұсталынатын инвестициялар	BBB	400,000	0.01	BBB-	921,272	0.03
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	рейтингсіз	542,201	0.01	рейтингсіз	1,332,448	0.05
Басқа да қаржы активтері	рейтингсіз	-	-	BBB-	955,804	0.04
	рейтингсіз	4,135,615	0.12	рейтингсіз	1,662,938	0.07
Қаржы активтерінің жиынтығы		4,299,659,797	100		2,723,325,139	100

(в) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі дегеніміз Ұлттық Банктің қаржы құралдары бойынша қаржы міндеттемелерін өтеу кезінде қиындықтардың туындау тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелер өтеу мерзімдері бойынша сәйкес келмеген кезде туындайды. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдері бойынша сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкес келмеуі Ұлттық Банкті қоса алғанда қаржы институттарын басқаруда негізге алынатын сәт болып табылады. Жүргізілетін операциялардың айырмашылығы және олармен байланысты белгісіздіктің салдарынан, активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкес келуі қаржы институттары үшін әдеттегі практика болып табылмайды, мұның өзі операциялардың пайдалылығын арттыруға мүмкіндік береді, дегенмен, зиянның туындау тәуекелін жоғарлатады.

Ұлттық Банк барлық міндеттемелерді өтеу мерзімінің басталуына қарай оларды орындауға қажетті ақша қаражатының үнемі болуын қамтамасыз ету мақсатында қажетті өтімділік деңгейін қолдайды. Ұлттық Банктің өтімділікті басқару жөніндегі саясатын Басқарма қарайды және бекітеді.

Ұлттық Банк өтімділікке қатысты күтпеген талаптардың әсеріне жедел және күрт ауытқуларсыз жауап қатуына Ұлттық Банктің қабілетті болуы үшін қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған және тұрақты құрылымын белсенді түрде қолдауға ұмтылады.

Ұлттық Банк эмиссиялық банк болып табылатынын ескерсек (ұлттық валютаны – теңгені эмиссиялайды), ұлттық валютадағы міндеттемелерді орындау тәуекелі төмен және өтімділік тәуекелі шын мәнісінде тек қана Ұлттық Банктің шетел валютасымен көрсетілген қаржы міндеттемелерін орындауға қолданылады.

Банктің өтімділікті басқару жөніндегі саясаты мыналардан тұрады:

- шетел валюталары бөлігіндегі ақша қаражатының ағынын және өтімді активтердің қажетті деңгейіндегі осы ақша қаражатының осы ағындарымен байланысты есептеуді болжау;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- касса өтімділігі құлдыраған жағдайда, қорғану шарасы ретінде еркін іске асыруға болатын өтімділігі жоғары активтер портфеліне қызмет көрсету;
- өтімділікті және берілген қаржыландыру деңгейін қолдау жөнінде резервтік жоспарлар әзірлеу; және
- өтімділіктің баланстық көрсеткіштерінің белгіленген нормативтерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

Монетарлық операциялар департаменті Монетарлық операцияларды есепке алу басқармасынан активтер мен міндеттемелердің өтімділігі туралы ақпарат алады және өтімділік позициясына талдау жүргізеді. Осыдан кейін Монетарлық операциялар департаменті Ұлттық Банктің өтімділік портфеліне өтімділігі жоғары активтердің жеткілікті санын сатып алу арқылы жеткілікті өтімділік деңгейін сақтауды қамтамасыз етеді. Өтімділіктің қажетті деңгейін ұстау үшін өтімділік портфелі ең қысқа мерзімде сатуды жүзеге асыруға болатын активтерге инвестицияланады.

ҚҰБ Инвестициялық стратегиясына сәйкес өтімділік портфелінің активтері өтімділігі жоғары қаржы активтерінен тұрады, олардың арасында мыналар болуы тиіс:

- қолма-қол валюта;
- мемлекеттік (егеменді), агенттік борыштық міндеттемелер, халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері, өтеу мерзімі бір жылға дейін корпоративтік борыштық міндеттемелер, депозиттік сертификаттар (CD), A1 – Standard&Poog’s немесе P1 – Moody’s қарағанда, одан төмен емес қысқа мерзімді кредиттік рейтингтері бар коммерциялық қағаздар (CP);

- мемлекеттік (егеменді), агенттік борыштық міндеттемелер, халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері, корпоративтік борыштық міндеттемелер, жылжымайтын мүлікке кепілдікке берілген бағалы қағаздар (MBS) және BBB (Standard&Poor's)/Baa2 (Moody's) және одан жоғары кредиттік рейтингі бар активтер (ABS);
- ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі Standard&Poor's немесе Moody's бойынша тиісінше, A/A1 төмен емес, немесе қысқа мерзімді кредиттік рейтингі Standard&Poor's немесе Moody's бойынша тиісінше, A2/P1 төмен емес қарсы әріптестермен валюта және алтын депозиттер (салымдар); ағымдағы шоттардағы қолма-қол ақша қалдықтарын рейтингі AAAm - Standard&Poor's немесе Aaa – Moody's ақша нарығының қорларына немесе AAAm - Standard & Poor's және/немесе Aaa - Moody's рейтингі бар қорларға ұсынылатын барлық талаптарды орындайтын ақша нарығының қорларына инвестициялау;
- АҚШ, Еуропалық Одақ, Жапония, Австралия қаржы және тауар нарықтарында айналатын туынды құралдар;
- мынадай индекстерге кіретін акциялар: S&P500 (SPX), DJ EURO STOXX 50 € (SX5E), Nikkei 225 (NKY), FTSE 100 (UKX), S&P/ASX (AS51);
- құрылымдық өнімдер;
- балама құралдар;
- ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі A- - Standard&Poor's немесе A3 – Moody's төмен емес, инвестициялау үшін рұқсат етілген бағалы қағаздарға кепілге берілген, нарықтық құны мәміле жасау күнгі мәміле сомасынан 100 пайыз төмен емес қарсы әріптестермен репо және кері репо операциялары;
- валюта айырбастаумен және алтынды сатып алуға/сатуға байланысты операциялар;
- туынды құралдармен операциялар ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі A-(Standard&Poor's) немесе A3(Moody's) қарағанда төмен емес қарсы әріптестермен ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте туынды қаржы құралдарының мынадай мерзімдері бойынша мынадай шектеулер қолданылады: форвардтар – 1 жыл, опциондар және своптар – 15 жыл, фьючерстер – шектеулерсіз;
- кредиттік-дефолт своп келісім-шарттары (credit default swaps) және басқа да кредиттік туынды құралдар, оның ішінде Қазақстан Республикасының банктеріне арналған кредиттік-дефолт своп келісім-шарттары. Кредиттік-дефолт своп (credit default swaps) жасаудың стандартты нысандары, шарттары және тәртібі Халықаралық дилерлердің своп қауымдастығының (International Swap Dealers Association) құжаттамасына және CSA (Credit support annex) қосымшаларына қарай айқындалады;

Өтімділік портфелінің көлемі баламасы 1 миллиард АҚШ долларынан кем болмауы тиіс.

Төменде 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеудің шарттық мерзімдері бойынша Ұлттық Банктің активтері мен міндеттемелері келтірілген:

	Талап ету бойынша және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Мерзімі белгіленбеген	Жиынтығы
Активтер							
Шетел валютасындағы ақша қаражаты	34,787,626	-	-	-	-	-	34,787,626
Алтын	313,947,971	57,311,027	-	-	-	-	371,258,998
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар							
<i>Шетелдік</i>	1,492,330,963	-	-	-	-	-	1,492,330,963
<i>Қазақстандық</i>	9,141,394	-	-	-	-	-	9,141,394
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	1,220,261	-	-	-	-	-	1,220,261
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	586,451,722	-	-	-	-	-	586,451,722
Сату үшін қолда бар инвестициялар							
<i>Шетелдік</i>	190,250,010	25,406,804	146,964,367	1,222,232,284	91,693,084	-	1,676,546,549
<i>Қазақстандық</i>	117,680,401	1,230	1,270,968	3,891,869	-	-	122,844,468
Өтеуге дейін ұсталынатын инвестициялар	-	400,000	-	-	-	-	400,000
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	-	-	-	-	-	542,201	542,201
Негізгі құрал-жабдықтар	-	-	-	-	-	28,135,677	28,135,677
Материалдық емес активтер	-	-	-	-	-	1,349,867	1,349,867
Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері	-	-	-	73,211	-	-	73,211
Басқа да активтер	4,328,181	-	3,326,227	-	-	-	7,654,408
Активтер жиынтығы	2,750,138,529	83,119,061	151,561,562	1,226,197,364	91,693,084	30,027,745	4,332,737,345
Міндеттемелер							
Айналыстағы ақша	1,048,045,523	-	-	-	-	-	1,048,045,523
Банктердің және басқа мекемелердің талаптары							
<i>Шетелдік</i>	88,162,337	-	-	-	-	79,689,827	167,852,164
<i>Қазақстандық</i>	1,265,573,123	-	-	-	-	-	1,265,573,123
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	59,142	-	2,435,680	-	-	-	2,494,822
Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының шоттары	166,510,968	-	-	-	-	-	166,510,968
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары	134,497,784	-	-	-	-	-	134,497,784
Кепілдік беру қорларының резервтері	-	-	-	-	-	33,542,786	33,542,786
Клиенттердің шоттары	322,173,670	-	-	-	-	-	322,173,670
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	21,029,997	409,376,590	32,777,362	-	-	-	463,183,949
Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	-	-	-	684,581	-	-	684,581
Басқа да міндеттемелер	5,219,014	-	-	-	-	-	5,219,014
Міндеттемелер жиынтығы	3,051,271,558	409,376,590	35,213,042	684,581	-	113,232,613	3,609,778,384
Нетто-позиция	(301,133,029)	(326,257,530)	116,348,520	1,225,512,783	91,693,084	(83,204,868)	722,958,961
Жинақталған айырма	(301,133,029)	(627,390,558)	(511,042,038)	714,470,745	806,163,827	722,958,961	

Төменде 2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеудің шарттық мерзімдері бойынша Ұлттық Банктің активтері мен міндеттемелері келтірілген:

	Талап ету бойынша және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Мерзімі белгіленбеген	Жиынтығы
Активтер							
Шетел валютасындағы ақша қаражаты	11,206,351	-	-	-	-	-	11,206,351
Алтын	236,521,684	5,229,537	-	-	-	-	241,751,221
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар							
<i>Шетелдік</i>	853,985,769	-	-	-	-	-	853,985,769
<i>Қазақстандық</i>	28,141,298	-	-	-	-	-	28,141,298
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	9,737,704	-	-	-	-	-	9,737,704
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	396,002,190	-	-	-	-	-	396,002,190
Сату үшін қолда бар инвестициялар							
<i>Шетелдік</i>	105,314,469	125,294,939	170,975,929	622,860,158	56,359,284	-	1,080,804,779
<i>Қазақстандық</i>	22,113,949	15,677,730	53,653,037	4,878,649	-	500,000	96,823,365
Өтеуге дейін ұсталынатын инвестициялар	921,272	-	-	-	-	-	921,272
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	-	-	-	-	-	1,332,448	1,332,448
Негізгі құрал-жабдықтар	-	-	-	-	-	26,589,859	26,589,859
Материалдық емес активтер	-	-	-	-	-	1,551,418	1,551,418
Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері	-	-	-	59,814	-	-	59,814
Басқа да активтер	2,847,525	-	3,304,524	-	-	-	6,152,049
Активтер жиынтығы	<u>1,666,792,211</u>	<u>146,202,206</u>	<u>227,933,490</u>	<u>627,798,621</u>	<u>56,359,284</u>	<u>29,973,725</u>	<u>2,755,059,537</u>
Міндеттемелер							
Айналыстағы ақша	987,069,891	-	-	-	-	-	987,069,891
Банктердің және басқа мекемелердің талаптары							
<i>Шетелдік</i>	69,754,310	-	-	-	-	-	69,754,310
<i>Қазақстандық</i>	905,379,825	-	-	-	-	-	905,379,825
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	3,357,245	-	-	-	-	-	3,357,245
Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының шоттары	4,311,137	-	-	-	-	-	4,311,137
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары	46,357,745	-	-	-	-	-	46,357,745
Кепілдік беру қорларының резервтері	-	-	-	-	-	18,662,389	18,662,389
Клиенттердің шоттары	162,186,309	-	-	-	-	-	162,186,309
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	180,019,894	69,969,480	45,975,452	-	-	-	295,964,826
Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	-	-	-	786,699	-	-	786,699
Басқа да міндеттемелер	2,122,435	-	-	-	-	-	2,122,435
Міндеттемелер жиынтығы	<u>2,360,558,791</u>	<u>69,969,480</u>	<u>45,975,452</u>	<u>786,699</u>	<u>-</u>	<u>18,662,389</u>	<u>2,495,952,811</u>
Нетто-позиция	<u>(693,766,580)</u>	<u>76,232,726</u>	<u>181,958,038</u>	<u>627,011,922</u>	<u>56,359,284</u>	<u>11,311,336</u>	<u>259,106,726</u>
Жинақталған айырма	<u>(693,766,580)</u>	<u>(617,533,854)</u>	<u>(435,575,816)</u>	<u>191,436,106</u>	<u>247,795,390</u>	<u>259,106,726</u>	

Төменде келтірілген кесте Ұлттық Банктің қаржы міндеттемелері бойынша ақша қаражаты ағынының дисконтталмаған сомасын бөлуді көрсетеді. Осы кестеде көрсетілген ақша ағынының (түсу)/шығу толық номиналды шамасы қаржы міндеттемелері бойынша дисконтталмаған шарттық ақша ағынын көрсетеді. Ұлттық Банк болжаған қаржы міндеттемелердің деректері бойынша ақша ағынының қозғалысы төменде келтірілген талдаудан өзгеше болуы мүмкін.

Ұлттық Банктің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша позициясы мынадай болып көрсетілген.

	Талап ету бойынша және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 1 жылға дейін	Мерзімі белгіленбеген	Ақша ағындарының жалпы номиналдық мөлшері есептен шығу/ (түсу)	Баланстық құны
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ						
Айналыстағы ақша Банктердің және басқа мекемелердің талаптары	1,048,045,523	-	-	-	1,048,045,523	1,048,045,523
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері						
<i>Шығу</i>	59,909,565	-	43,662,487	-	103,572,052	
<i>Түсу</i>	(60,177,761)	-	(43,590,127)	-	(103,767,888)	2,494,822
Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының шоттары	166,510,968	-	-	-	166,510,968	166,510,968
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары	134,497,784	-	-	-	134,497,784	134,497,784
Кепілдік беру қорларының резервтері		-	-	33,542,786	33,542,786	33,542,786
Клиенттердің шоттары	322,173,670	-	-	-	322,173,670	322,173,670
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	32,578,645	410,964,885	33,200,000	-	476,743,530	463,183,949
Басқа да қаржы міндеттемелері	2,041,610	-	-	-	2,041,610	2,041,610
Қаржы міндеттемелері жиынтығы	3,059,486,839	410,964,885	33,272,360	113,232,613	3,616,956,697	3,605,916,399

Ұлттық Банктің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша позициясы мынадай болып көрсетілген:

	Талап ету бойынша және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 1 жылға дейін	Мерзімі белгіленбеген	Ақша ағындарының жалпы номиналдық мөлшері есептен шығу/ (түсу)	Баланстық құны
ҚАРЖЫ						
МІНДЕТТЕМЕЛЕ						
РІ						
Айналыстағы ақша	987,069,891	-	-	-	987,069,891	987,069,891
Банктердің және басқа мекемелердің талаптары	975,198,876	-	-	-	975,198,876	975,134,135
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері						
<i>Шығу</i>	129,065,539	-	-	-	129,065,539	
<i>Түсу</i>	(128,834,493)	-	-	-	(128,834,493)	3,357,245
Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының шоттары	4,311,137	-	-	-	4,311,137	4,311,137
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары	46,357,745	-	-	-	46,357,745	46,357,745
Кепілдік беру қорларының резервтері	-	-	-	18,662,389	18,662,389	18,662,389
Клиенттердің шоттары	162,186,309	-	-	-	162,186,309	162,186,309
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	200,833,161	70,666,613	48,380,662	-	319,880,436	295,964,826
Басқа да қаржы міндеттемелері	663,139	-	-	-	663,139	663,139
Қаржы міндеттемелері жиынтығы	<u>2,376,851,304</u>	<u>70,666,613</u>	<u>48,380,662</u>	<u>18,662,389</u>	<u>2,514,560,968</u>	<u>2,493,706,816</u>

(г) Операция тәуекелі

Операция тәуекелі – алаяқтық, заңсыз қызмет жасау, қателер жіберу, жіберілген қателер, жүйенің тиімсіздігі немесе іркілісі нәтижесінде зиянның пайда болу тәуекелі. Операция тәуекеліне құқықтық тәуекел кіреді.

Ұлттық Банктің мақсаты алдын ала және анықтайтын бақылау рәсімдерін жүргізу арқылы операция тәуекелін басқару болып табылады. Операция тәуекелін басқару саласында бақылау рәсімдерін жүргізу жөніндегі басым жауапкершілік әр операция департаментінің басшыларына жүктеледі. Оған қоса, Ұлттық Банкте операция тәуекелін басқару саласында, атап айтқанда төмендегі аспектілерді жабатын жалпы стандарттар мен рәсімдер дамып отыр:

- операцияларды тәуелсіз авторизациялауды қоса, өкілеттіктерді бөлу бойынша талаптар;
- салыстырып тексеруді жүргізу және операциялар мониторингін жүзеге асыру бойынша талаптар;
- реттеуші органдар талаптарына және заңнаманың басқа талаптарына сәйкес келу;
- бақылаулар мен рәсімдерді құжаттау;
- операция тәуекеліне ұшырауды кезеңдік бағалауды жүргізу бойынша талаптар;
- бірегейлендірілген тәуекелдерге қатысты бақылаулар мен рәсімдердің бара-барлығы;
- операция тәуекелдерінің салдарынан болған ысыраптар және оларды жою бойынша ұсынылып отырылған шаралар бойынша есептерді беру жөніндегі талаптар;
- төтенше жағдайларда қызметті қолдау бойынша жоспарларды әзірлеу;
- оқу бағдарламалары және қызметкерлердің кәсіби дамуы;
- этикалық стандарттар;
- тәуекелді, тиімді болған жерде сақтандыруды қоса, азайту тәсілі.

Ұлттық Банктің стандарттары мен рәсімдеріне сәйкес Ішкі аудит департаменті кезеңдік тексеру бағдарламасы негізінде қолдайды. Ішкі аудиттің тексеру нәтижелері тексеру жүргізілген операция департаменттерінің басшыларымен талқыланады және Басқарма Төрағасына жіберіледі.

(д) Географиялық тәуекел

Төменде 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің активтері мен міндеттемелерінің географиялық талдауы келтірілген:

	Қазақстан	ЭБДҰ елдері	Басқа елдер	Барлығы
Активтер				
Шетел валютасындағы ақша қаражаты	34,787,626	-	-	34,787,626
Алтын	107,479,739	263,779,259	-	371,258,998
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар				
<i>Шетелдік</i>	-	1,492,007,016	323,947	1,492,330,963
<i>Қазақстандық</i>	9,141,394	-	-	9,141,394
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері		1,220,261	-	1,220,261
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	586,451,722	-	-	586,451,722
Сату үшін қолда бар инвестициялар				
<i>Шетелдік</i>	-	1,676,546,549	-	1,676,546,549
<i>Қазақстандық</i>	122,844,468	-	-	122,844,468
Өтеуге дейін ұсталынатын инвестициялар	400,000	-	-	400,000
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	542,201	-	-	542,201
Негізгі құрал-жабдықтар	28,135,677	-	-	28,135,677
Материалдық емес активтер	1,349,867	-	-	1,349,867
Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері	73,211	-	-	73,211
Басқа да активтер	7,385,162	269,030	216	7,654,408
Активтер жиынтығы	898,591,067	3,433,822,115	324,163	4,332,737,345
Міндеттемелер				
Айналыстағы ақша	1,048,045,523	-	-	1,048,045,523
Банктердің және басқа мекемелердің талаптары				
<i>Шетелдік</i>	-	2,700,617	165,151,547	167,852,164
<i>Қазақстандық</i>	1,265,573,123	-	-	1,265,573,123
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	-	2,494,822	-	2,494,822
Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының шоттары	166,510,968	-	-	166,510,968
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары	134,497,784	-	-	134,497,784
Кепілдік беру қорларының резервтері	33,542,786	-	-	33,542,786
Клиенттердің шоттары	322,173,670	-	-	322,173,670
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	463,183,949	-	-	463,183,949
Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	684,581	-	-	684,581
Басқа міндеттемелер	4,398,223	820,763	28	5,219,014
Міндеттемелер жиынтығы	3,438,610,607	6,016,202	165,151,575	3,609,778,384
Нетто позиция	(2,540,019,540)	3,427,805,913	(164,827,412)	722,958,961

Төменде 2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің активтері мен міндеттемелерінің географиялық талдауы келтірілген:

	Қазақстан	ӘБДҰ елдері	Басқа елдер	Барлығы
Активтер				
Шетел валютасындағы ақша қаражаты	11,206,351	-	-	11,206,351
Алтын	69,347,099	172,404,122	-	241,751,221
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар				
<i>Шетелдік</i>	-	785,053,215	68,932,554	853,985,769
<i>Қазақстандық</i>	28,141,298	-	-	28,141,298
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	101,230	9,636,474	-	9,737,704
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	119,702,645	276,299,545	-	396,002,190
Сату үшін қолда бар инвестициялар				
<i>Шетелдік</i>	-	1,080,804,779	-	1,080,804,779
<i>Қазақстандық</i>	96,823,365	-	-	96,823,365
Өтеуге дейін ұсталынатын инвестициялар	921,272	-	-	921,272
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	1,332,448	-	-	1,332,448
Негізгі құрал-жабдықтар	26,589,859	-	-	26,589,859
Материалдық емес активтер	1,551,418	-	-	1,551,418
Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері	59,814	-	-	59,814
Басқа да активтер	6,004,989	112,474	34,586	6,152,049
Активтер жиынтығы	361,781,788	2,324,310,609	68,967,140	2,755,059,537
Міндеттемелер				
Айналыстағы ақша	987,069,891	-	-	987,069,891
Банктердің және басқа мекемелердің талаптары				
<i>Шетелдік</i>	185,194	965,363	68,603,753	69,754,310
<i>Қазақстандық</i>	905,379,825	-	-	905,379,825
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	3,357,245	-	-	3,357,245
Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының шоттары	4,311,137	-	-	4,311,137
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары	46,357,745	-	-	46,357,745
Кепілдік беру қорларының резервтері	18,662,389	-	-	18,662,389
Клиенттердің шоттары	162,186,309	-	-	162,186,309
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	295,964,826	-	-	295,964,826
Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	786,699	-	-	786,699
Басқа міндеттемелер	1,939,830	176,440	6,165	2,122,435
Міндеттемелер жиынтығы	2,426,201,090	1,141,803	68,609,918	2,495,952,811
Нетто позиция	(2,064,419,302)	2,323,168,806	357,222	259,106,726

40 ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Ұлттық Банктің кредиттік ресурстарды беру бойынша әлеуеттік міндеттемелері бар. Осы міндеттемелер мақұлданған кредит, кредиттік желі нысанындағы кредиттік ресурстарды, сондай-ақ овердрафты беруді көздейді.

Ұлттық Банк банктік кепілдік береді және өз клиенттерінің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында аккредитивтер ашады. Көрсетілген келісімдер Ұлттық Банк міндеттемелерінің лимитін белгілейді және әдетте бес жылға дейін қолданылады. Ұлттық Банк сондай-ақ қарыз беру және бағалы қағаздарды кредиттеу операциялары бойынша есептейтін агент ретінде кепілдік береді.

Баланстан тыс міндеттемелердің шарттық сомалары санаттар бөлігінде төмендегі кестеде келтірілген. Кредиттер беру бойынша міндеттемелер бөлігінде кестеде келтірілген сомалар көрсетілген міндеттемелер толық орындалады деп болжайды. Кестедегі кепілдіктер мен аккредитивтер бөлігіндегі көрсетілген сомалар Ұлттық Банктің қарсы агенттері шарт талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындай алмағанда шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілуі мүмкін бухгалтерлік зиянның ең жоғары шамасын көрсетеді.

	2009 жылғы 31 желтоқсан	2008 жылғы 31 желтоқсан
Сомасы шартқа сәйкес		
Кредиттер және кредиттік желілерді беру бойынша міндеттемелер	98,449	98,448
Кепілдіктер және аккредитивтер	<u>2,495</u>	<u>3,758</u>
	<u><u>100,944</u></u>	<u><u>102,206</u></u>

Көрсетілген міндеттемелердің көп бөлігі тоқтатылуы мүмкін, бұзылуы немесе орындалуы мүмкін, сондықтан жоғарыда көрсетілген міндеттемелер күтілетін ақша қаражатының әкетілуін көрсетпейді.

(а) Сақтандыру

Қазақстанда сақтандыру саласы даму сатысында және әлемнің басқа елдеріне тән көптеген сақтандыру нысандарына әлі де болса толық көлемде қол жеткен жоқ. Ұлттық Банк мүлікке және жабдыққа қатысты ішінара сақтандырумен орнын толтыруды көздейді. Сақтандыру шартына сәйкес өрт, жай түсу, газ жарылысы, табиғи апаттар, судан келген зақымдар және т.б. салдарынан Ұлттық Банктің мүлкіне келген залалды өтеумен байланысты Ұлттық Банктің мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

Ұлттық Банк Ұлттық Банктің мүлкімен байланысты сақтандыру жағдайларының нәтижесінде туындайтын және Ұлттық Банктің қызметіне жататын мүлікке немесе қоршаған ортаға келген зиянға байланысты үшінші тараптың қызметі немесе міндеттемесі тоқтатылған жағдайда мүлікке және жабдыққа қатысты толық сақтандырып жабуды көздемейді. Ұлттық Банк толық сақтандыруды қамтамасыз етпейінше, қандай да бір активтерді жоғалту немесе жою Ұлттық Банктің қызметі мен қаржылық жай-күйіне теріс ықпал етуі мүмкін деген тәуекел болады.

(б) Сот талқылаулары

Ұлттық Банктің қалыпты қызметі барысында сот органдарына мезгіл-мезгіл Ұлттық Банкке қатысты шағым-талаптар түседі. Ұлттық Банк басшылығы, өзінің бағалауына, сондай-ақ ішкі және сыртқы кәсіби кеңесшілердің ұсынымдарына сүйене отырып, олар бойынша талқылаулар Ұлттық Банкке айтарлықтай зиян әкелмейді және тиісінше осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте осы талқылаулар бойынша резерв қалыптастырылған жоқ деп санайды. 2009 және 2008 жылдары Ұлттық Банкке шағым-талап берілген жоқ.

(в) Шартты салық міндеттемелері

Қазақстан Республикасының салық жүйесі біршама жаңа болып табылады және көбінесе нақты емес және әр түрлі түсіндірулерге жол беретін, жиі өзгертін нормативтік құжаттармен сипатталады. Салықтар едәуір айыппұлдар салуға, өсімпұлдар есептеуге және алуға құқығы бар бірқатар реттеуші органдардың тарапынан тексеріледі.

Салық кезеңі осы салық кезеңінен кейінгі бес күнтізбелік жыл ішінде салық органдарының тарапынан тексеруге ашық болады; дегенмен, белгілі бір жағдайларда салық кезеңі көрсетілген мерзімнен ұзағырақ ашық бола алады. Қазақстан Республикасындағы соңғы оқиғалар салық органдары салық заңнамасының түсіндірмелеріне және орындалуына қатысты барынша қатаң позиция ұстана бастағанын көрсетеді.

Бұл жағдайлар Қазақстан Республикасында басқа елдердегі осындай тәуекелдерден біршама асып түсетін салық тәуекелдерін тудырады. Ұлттық Банк басшылығының пікірінше, Ұлттық Банктің салықтық міндеттемелері Ұлттық Банк басшылығының қолданылып жүрген салық заңнамасын түсіндіруіне, нормативтік құжаттардың ресми түсіндірілуіне және сот органдарының шешімдеріне қарай толығымен осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген. Алайда, әр түрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі Ұлттық Банк басшылығының пікірінен басқаша болу фактісін ескерсек, реттеуші органдар тарапынан Ұлттық Банкке ықпал етудің мәжбүрлі шаралары қолданылған жағдайда олардың Ұлттық Банктің қаржылық жай-күйіне әсері едәуір болуы мүмкін.

41 ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Әділ құн жақсы таныс, осындай мәмілелерді жасауды қалайтын, бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасында ағымдағы мәмілелерді жасау кезінде, мәжбүрлеп немесе тарата отырып сату жағдайларын қоспағанда, құрал айырбасталуы мүмкін құн ретінде айқындалады. Көрсетілген бағалар Ұлттық Банк нарықта өзінде бар белгілі бір құралдар пакетін нақты сату кезінде алуы мүмкін соманы көрсетпеуі мүмкін.

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны төменде келтірілгендерден басқа Ұлттық Банктің қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте баланстық құнға жақын:

	2009 жылғы 31 желтоқсан		2008 жылғы 31 желтоқсан	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
Өтеуге дейінгі ұсталатын инвестициялар	400,000	407,490	921,272	925,686

Әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары иерархиялық тәртіпте нарықтық деректердің қол жетімділігіне байланысты 3 деңгейге бөлінген:

- Актив нарығындағы белгіленетін бағалар (1-деңгей) – Бағалау актив нарықта алынған баға белгілеу бойынша, бірдей активтер мен міндеттемелер бойынша жүзеге асырылады. Қосымша түзетулер немесе жалпы дисконттау осындай қаржы құралдары үшін қолданылмайды. Қайта бағалау нарықтық баға белгілеуге негізделгендіктен бұл мәндердің айтарлықтай мәні жоқ.
- Нарықтық деректер пайдаланылатын бағалау әдістері (2-деңгей) – Деректерге негізделген, көбіне тікелей немесе жанама түрде нарықтық деректерге негізделген бағалар және активті емес деп есептелетін нарықта кәдімгі операциялар бойынша бір немесе бірнеше байқалатын нарықтық бағалар.
- Нарықтық деректері жоқ акпаратқа негізделген бағалау әдістері (3-деңгей) – Бағалау нарықтық деректер болып табылмайтын және әділ құнды белгілеу үшін маңызды рөл атқармайтын деректерге негізделеді.

Әділ құн бойынша есептелетін қаржы құралдарының маңызды сыныптарын белгілеу үшін әділ құнды иерархия бойынша бағалау мен бөлуге банктік тәсіл төменде келтірілген:

	2009 жылғы 31 желтоқсан		2008 жылғы 31 желтоқсан	
	1-деңгей	2-деңгей	1-деңгей	2-деңгей
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	-	1,220,261	-	9,737,704
Сату үшін қолда бар инвестициялар	1,606,310,824	193,080,193	1,044,868,487	132,759,657
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	-	2,494,822	-	3,357,245

Сату үшін қолда бар бағасы белгіленетін инвестициялардың бағаланатын әділ құны мәмілелер жасауға жұмсалатын шығындарды шегерусіз есепті күнгі бағасы белгіленетін нарықтық бағаларға негізделеді.

Басқа да қаржы активтері мен міндеттемелердің бағаланатын әділ құны осы құрал үшін есепті күні дисконттау ставкасын пайдалана отырып есептелген ақша қаражатының болашақ ағындарын дисконттау негізінде белгіленеді. 10-ескертпеде ашып көрсетілгендей, 2009 жылғы 31 желтоқсандағы және 2008 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны тиісінше 2,695 мың теңге және 502,200 мың теңге бағасы белгіленбеген үлестік бағалы қағаздардың әділ құны айқындала алмайды.

Әділ құнды бағалау жақсы таныс, осындай мәмілелерді жасауды шын қалайтын, бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасында мәмілелер жасалған кезде жоғарыда аталған активтер мен міндеттемелер осы уақытта айырбасталуы мүмкін құнды барынша дәл анықтауға бағытталған. Дегенмен, бағалаулардағы айқын еместіктер және субъективтіліктердің болуы себепті, әділ құн дереу активтер сату немесе міндеттемелерді орындау жасалуы мүмкін құн ретінде қаралмауы тиіс.

42 СЕΝІМГЕРЛІК БАСҚАРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ДЕПОЗИТАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

(а) Сенімгерлік басқару

Ұлттық Банк трастық компанияларға, зейнетақы қорларына және басқа ұйымдарға сенімгерлік басқару бойынша қызметтер көрсетеді, атап айтқанда активтерді басқарады немесе клиенттердің нұсқауларына сәйкес алынған қаражатты әртүрлі қаржы құралдарына инвестициялайды. Ұлттық Банк осы көрсетілген қызметтер үшін комиссиялық сыйақы алады. Сенімгерлік басқаруға алынған активтер Ұлттық Банктің активтері болып табылмайды және тиісінше оның шоғырландырылған бухгалтерлік балансында көрсетілмейді. Ұлттық Банк көрсетілген салымдарды жүзеге асыру кезінде көрсетілген инвестицияларға кепілдік бермейтіндіктен кредиттік тәуекелге ұшырамайды.

2008 және 2009 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің өз клиенттерінің тапсырысы бойынша басқарған активтерінің жалпы сомасы тиісінше 1,535,720,515 мың теңге және 479,481,302 мың теңге болды.

(б) Депозитарлық қызметтер

Ұлттық Банк клиенттердің тапсырмасы бойынша бағалы қағаздарды сақтауды қамтамасыз ете отырып және көрсетілген қызметтер үшін комиссиялық сыйақылар ала отырып өз клиенттеріне депозитарлық қызмет көрсетеді. Көрсетілген активтер Ұлттық Банктің активі болып табылмайды және тиісінше қаржы жағдайы туралы оның шоғырландырылған бухгалтерлік балансында көрсетілмейді.